

ЖАРКЕНТ

№17 (61),
30 қыркүйек,
бейсенбі, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru



Айнасы

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

БАБАЛАР КӨЗІ – БАЛБАЛ ТАСТАР ЖЫЛАП ТҰР



Туған жерінің тарихын туындай көтерген зерттеуші ғалымдардың, тарихшылардың, археологтардың қатарында қарапайым азаматтар да көп кездеседі. Олар әркез ел елей бермейтін, жасалуы оғаш дүниелерге аса мән беріп, көненің көзіндей қарайтындар. Осындай байқампаз жандар әлемдегі көптеген кездейсоқ жаңалықтардың ашылуына себепкер болып жатады. Көргенін жерден көтеріп, білетін адамдарына көрсетіп барып қана шетке қоятын адамдарға риза боласын. Себебі де жоқ емес.

Жаркент жерін адамдар көне заманнан б.д.д.7-6 ғасырлардан бері мекендеп келе жатқандығының іздері, аяқ бассаң кездесетін көптеген тас, қола дәуірінің, орта ғасырлардың ескерткіштерінің орындары мен осы өңірден табылған әртүрлі археологиялық жәдігерлерден көрінеді. Б.д.д. 4 ғасырда іргесі қаланып, 3 ғасырларда дәуірлеген үйсін мемлекеті тарих бетінен ойып тұрып орын алды. Үйсіндердің экономикалық-әскери қуатынан сескенген көршілес елдер олармен еріксіз санасуына тура келді. Үйсін патшалығының орталығы Қызыл аңғар қаласы қазіргі Басқұншы ауылы орналасқан жерде. Үйсіндердің күнделікті тұрмыста шаруашылыққа қолданған, қазір жәдігерге айналған заттардың молынан табылуы осының айғағы. Көрген, тапқан затын қолына алып көненің көзі деп білетін ағаларымыздың бірі марқұм Үйсінтаев Токтасын ағамыз еді. Өзіміздің кітабыма керекті ауыл тарихы, адамдары, әңгіме шежіре жинап жүрген 90 жылдардың соңында жолығып әңгімелесіп жүрдім. Ежелгі үйсін қонысынан табылған жәдігерлерді ұқыптап жинап қойған екен, танысып шықтым. Қолымдағы Әлкей Марғұланның, Д.А.Авдусиннің, К.М.Байпақовтың археологиялық еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдармен салыстырып заттардың үйсін дәуіріне жататынын анықтадым. Айтпақшы, ауылда жүргенде бір адамдар бақшасынан жер қазып жүріп көне ер тауып алыпты деп естігенмін. Сөз арасында соны сұрап қалдым. Ағамыз сәл ырғалыңқырап

отырды да «Мен тауып алып едім» дегені. Сарайда тұрған жерінен алдырып көріп шықтым. Ер қыз балаға арнап жасалынған екен. Ердің жұмыр қасына 1913 жыл деп жазылып, әртүрлі таспен көз орнатылыпты. Қазір де балаларының қолында сақтаулы. Басқұншы, Алмалы т.б. елді мекендерден табылған жәдігерлерді жинастырып 2014 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, археолог, К.М.Байпақовпен хабарласып, осы арадан табылған көне дәуір ескерткіштері туралы айттым. Және оған қосымша осындағы Көкжазықта жатқан 50-ге жуық Үйсін обалары туралы да мәлімдедім. Академиктің қызығушылығын тудырған археологиялық жаңалық 2015 жылы ол кісінің жанына үш америкалық археологты әкеліп танысуымен аяқталды. Қазақстанның бас археологы ғылыми-зерттеу институтының қабырғасына апарып тексеруден өткізбей-ақ қолына алып, көзбен көріп, табылған заттардың үйсін дәуіріне жататындығын растап беріп кетті. Жеріміздің ежелгі үйсін тайпалары мекендеген тарихи аймақ екендігін нақтылауға өлшеусіз үлес қосқан, кеудесінде көнені тани алатын көзі бар Токтасын қариямызға қалай риза болмайсыз. Жылдар бойы елден-жұрттан тірнекеп жинаған жәдігерлерді Елтіңді бағыр атындағы орта мектептің директоры болып істеп жүрген кезімде кабинетіме кірген адамдардың көз алдында болсын, әрі тарихи жерде тұратындығымызды және солардың ұрпағы екенімізді білсін деген оймен шыныланған шкаф ішінде ұстадым. Әрбір оқу жылының басында бірінші сынып оқушылары мектеп ішілік экскурсия жасағанда кіріп танысып тұратын. Қызмет ауыстырғаннан соң да біраз жыл үйде ұстап, кейіннен толықтырып 30-дан астам жәдігерді халық игілігін көрсін деп аудандық жауынгерлік «Даңқ» музейіне хаттамамен өткізіп бердім.

Үйсін патшалығының аумағы орасан зор территорияны алып жатыр. Кеген ауданында қызмет істеп жүргенімде де көп адамдар ана жерден мынандай, мына жерден мынандай көне заттар көрдік деп, кей азаматтар

тапқандарын алып келіп көрсетіп жататын. Ол аудан жерінде де үйсін обалары, қыш күйдірген ошақтар орналасқан орындар, андронов мәдениетінің адамдарды жерлеу орындары, құм басып қалған мамонттың сүйектері жатқан жерлер бар.

Бүгінгі күні Қазақстанмен Қытай жерін бөліп ағатын Қорғас өзенінің батыс бойын жағалай тас жол салынууда. Токсанбай жотасын тіліп өтіп, Қояндытауды қақ бөліп солтүстік-шығысқа кетіп барады. Құрылыс жұмыстары болғасын топырақты қопарып, тасты талқандайтыны белгілі. Қорғас өзенінің аңғары ежелгі Үйсін елінің орталығы орналасқан жер. Ел-жұрт ежелден жайлап отырған соң бұл саймен оның саласында мыңдаған жылдардан бергі үйсін ордасының небір атақты билеушілері жерленген обалар, мүрделер жатыр. Тарихи жазбалардан белгілі, үйсіндер қайтыс болған адамдарын судан алыстау, қыр басына жерлеген. Осы жақын арада үйсіндер жайынан мәлімет беретін тағы бір керемет жаңалық ашылды. Жолдағы қырат, жарларды трактор, бульдозерлермен түзеу барысында Қорғас өзенінің батысындағы Шұңқырбұлақ аталатын өрікті аңғардан жардың астыңғы топырақты итеріп сүрген кезде жоғарыдағы төбе лықсып құлап арғы жардан адам жерленген мүрде ашылып қалған. Үш-төрт метр тереңдікте көмілген ақымнан адам сүйектері шашылып жер табанына түскен. Сонымен қатар адамның сүйегінің жанына қойылған қыш құмыралар да сауылдап түсіп сынып кеткен. Жұмысшылар жұмысын тоқтатып, бас сүйекпен шашылған сүйектерді жинап басқа жерге көмген. Мүрдеден табылған заттардың тарихи құндылығын сезетін және менің жинастырып жүретінімді жақсы білетін жүргізуші болып істейтін Қазтай Ешмұхаметұлы бірден менімен хабарласып табылған көне дүниелерді жинастырып, сақтап қойғанын айтты. Бұл ісімен Қазтай ініміз Ұлы Үйсіндердің ордасы Басқұншы екендігін тағы да бір баға жетпес құнды жәдігермен толықтырып, дәлелдеп отыр.

(Жалғасы 3-бетте)

Лебіз



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» – ҮШ ЖАСТА!

Панфилов ауданы жұртына тарайтын «Жаркент айнасы» қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газетінің жарық көріп келе жатқанына үш жыл!

Өмірге келеді адам – білу үшін, Әрнеден хабардар боп жүру үшін. Ұрпағына үйретіп ғұмыр бойы, табиғаттың сан ғажап құбылысын.

Өмірге келеді адам көру үшін, көргенін басқаларға беру үшін... Орыны бар сол жолда газеттің де – жазады жеңісі мен жеңілісін.

Біздің «Жаркент айнасы» соның бірі, Үнжария – ол нағыз қазақ тілі! Тарихымды тамырлап еске салып, әр санынан төгілер өмір жыры!

Ел мен жердің өткенін саралайды, саралаумен ауданды аралайды. Жаманы мен жақсысын екшеп алып, Ел түзеген жандарды даралайды.

Амал қанша, жүрсек те жараланып, сан соқпақтан келеміз сабақ алып. Аманшылық берсе Алла қазағыма, көшіні түзер кейінге қарап алып!

Өткенді екшеп, бағамдап жастарымыз, біле жүрсін тағдырлас достарымыз. Үш жыл бопты мінеки, қолымызға, «Жаркент айнасын» алып, ашқалы біз!

Сөз сыйлаған ертеңнен үмітті елге, үмітті елге бас болған жігіттерге! Рахмет айтамыз шын жүректен, жүріңіздер деп дәйім шығып төрге!

Іздеп жолын арттағы сан ғасырдан, Оқысын ел «Жаркенттің айнасынан». Екі аптада үзілмей бір келетін, қызық болсын жалғасы, жалғасынан!

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ
2021 жыл.

Аудан жұртшылығын аймақта болып жатқан жақсы істерден хабардар ету мақсатында біздер «Жаркент айнасы» газетінің қызметкерлері Молот Солтанаев пен осы мақала авторы шағын жолсапар жасап қайттық. Мақсатымыз – Сарыбел ауылдық округінің тыныс-тіршілігі жайында қолға түскен бар мәліметтермен аудан халқын хабардар ету.

Мәселен, Сарыбел округіне қарасты Тұрпан ауылындағы Сағай батыр атындағы орта мектептің 2021-2022 оқу жылына дайындық жұмыстары белгіленген мерзімде толығымен сапалы аяқталған. Жоспарда бекітілгендей уақтылы ағымдағы жөндеу жұмысы да талапқа сай атқарылды. Ғимараттың ішкі-сыртқы безендері мен мектеп асханасының да барлық жағдайы санитарлық талап дәрежесінде. Сондай-ақ, қысқы маусымға да әзірлік жасалып, реттелген. Тек қана жылыту қазандығының пештері ауыстырылса болды қысқы маусымдық жылыту жүйесі от жағуға дайын. Пештің құжаттары рәсімделіп орталыққа арнайы сұраныс та беріліп қойған. Ұстаздар қауымы да жазғы еңбек демалысынан оралып, жұмысқа деген ерекше құлшыныста. Барлық пәндер арнайы мамандар бойынша білім алған пән мамандарымен толықтырылған.

Мектеп директоры Ноғаев Нұргелді Тұрғанұлының айтуы бойынша ауыл мектебінің барлық оқушылары оқулықтармен толықтай қамтылған.



Және де келесі кезекте, әдейілеп іздеп келіп сөйлесуіміздің себебін тілге тиек ете отырып округ әкімі Мерей Тұрсынұлы Дулатовпен сөйлескенімізде, біршама жағымды жаңалықтардың куәсі болдық.

Жаркент жері қашанда елім, жерім деген атпал азаматтарға кенде болған емес. Сондай ұлтжанды оғланымыздың бірегейі **Алтынбеков Жалғас** деген азамат екен. Жас келсе іске дегендей осы Тұрпан ауылының тумасы, «Жаркентстрой» жеке құрылыс компаниясының директоры Алтынбеков Жалғастың басшылығымен қолға алынып, құрылысы әне-міне аяқталып қалған «Тұрпан күрес мектебі»-нің әсем безендірілген ғимараты көз қуантады. Және сол ауылдың жанашыр кәсіпкер азаматы Жалғас пен ауыл жастарының ұйымдастыруымен ғимараттың алдына орнатылған биіктігі 14.5 м болатын «Тұғырлы Ту» атты көк байрағымыз



МЕРЕЙДІҢ МЕРЕЙЛІ ІСТЕРІ

айналаға қазақтың айбынын асқақтатып-ақ тұр. Және жақында ғана ашылып, ауылдың көркіне сән беріп тұрған көк желекті аллеяны көріп көңіліміз көкке жеткендей болды. Аталмыш спорт кешенінде – минифутбол алаңы, жаттығу жабдықтары мен жеке бүлдіршіндердің ойын алаңы қамтылған екен. Сарқыраған таудың бұлақ суы, одан

мердігерлік компаниясының жұмысшылары аталмыш ауылдағы жаңа ашылған көшеге шағыл төсеу, төрт өткелге көпір салып ел-жұртты қуанышқа бөлеп отыр.

Ал, округ орталығы саналатын Сарыбел ауылына ат басын бұрғанымызда, бірінші келіп тоқтаған жеріміз ауылдың «Сарыбел дәрігерлік амбулаториясы» болды. Айналасы тап-тұйнақтай таза ғимаратқа қарап көз сүйсінеді. Бұл мекеменің «Фельдшерлік-акушерлік» бөлімшелерін төменгі Садыр, Тұрпан ауылдарынан көріп танысып келген едік. Жалпы округке қарасты Сарыбел, Тұрпан, Садыр ауылдарында 5 мыңға жуық жан бар. Оның 165-і алпыс жастан асқандары болса, 560-ы жасөспірімдер. Қалғаны орта жас тұрғындары қатарына жатады.

Міне, осыншама жұртқа мүкіндігінше ауыл-ауылды аралап медициналық көмек көрсетіп жатқан мекеме басшысы Солтанқұлов Ескендір Ғалымғазыұлы мен осы мекеменің көп жылдардан бері еңбек жасап келе жатқан қызметкерлері Сағымбекова Бақыт Несіпбекқызы (ана мен балаға қарайтын аяжан) мен Қасенова Қанша Тоқтасынқызы (аға мейірбике) т.б. жұмыстарымен таныстық.

Сондай-ақ, ауылдағы бірден-бір білім ошағы саналатын Х.Көбіков атындағы

орта мектебінде жасалатын күрделі жөндеу жұмыстарына биыл мемлекет қазынасынан 823 млн. теңге қаражат бөлініпті. Ол қаржыны тендерден ұтып алған ЖСШ «Нұр-Шапағат» құрылыс мекемесі күрделі жөндеу жұмыстарын бастап та жіберген. Сонымен қатар ауылдың Х. Көбіков, Бейбітшілік және Нұржеке батыр есімдері берілген көлемді көшелерін асфальт жамылғысын төсеуге және жалпы ауыл көшелерінің қиылысындағы арықтарға арнап 17 жерден трубалар төселіп (ұзындығы - 8 м, ені - 500 мм) жүргізілген өтетін көпірлер қойылмақ. Аталмыш жұмыстың жүзеге асуына мемлекет тарапынан 157 млн. теңге бөлінгендігін де білдік. Оны еншілеген «Максдорстрой» компаниясы да алғашқы дайындық жұмыстарын жасап жатқанын білу үшін, округ әкімінің орынбасары Махмудова Ардақ Ержанқызымен бірге сол көшелерді аралап, өткелге арналған трубалардың ауылға жеткізіліп, көше жолдарының арнайы жол жасағыш техника көмегімен тегістеліп жатқанын да көзімізбен көріп қайттық.

Ауыл қашанда қазақтың құт берекелі мекені емес пе... «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, аудан көлемінде көтерілген «Батысқа көмек!» акциясына бір кісідей

қолдау білдірген ауыл тұрғындарының бастамасымен бір вагон шөп Алтынкөл теміржол станциясына шұғыл түрде жөнелтілді. Ағайынға көмек беруде ішкен асын жерге қоятын қарапайым жандар, бұл жолы да елдіктің, ұйымшылдықтың үлгісін жоғары дәрежеде көрсете білді.

Мінекей, бар-жоғы бір-екі сағат шамасында Сарыбел округіне барып, әкімі Мерей Дулатов мырзамен және Тұрпан орта мектебінің директоры Нұргелді Ноғаевпен сұхбаттасқан кезімізде осындай еселі еңбектің үлгісін көрсетіп отырған ел азаматтары мен ауыл белсенділерінің елдің, жердің болашағы үшін жасап жатқан айтулы тірліктеріне риза болып қайттық.

Келелі кеңестерде аузы дуалы қарттарымыз қайталап отыратын «Елі үшін еңбек еткеннің, әрдайым еңсесі биік!» деген ғибратты тәмсілдің өзі осынау игі істердің еңбек қазанында бірге қайнап жүрген, қарапайым ауыл адамдарына қаратып айтылғандай. Әрдайым, жеріміз берекелі, еліміз мерекелі бола берсін, ағайын!

Қ. ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.
Жаркент қаласы.

өтетін сәнді көпірмен және айналасының бәрі жасыл желек отырғызылған шағын саябақ әдемі абаттандырылыпты.

Бұл ауылдағы тағы бір жақсы жаңалық – ауылды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында әр үйге жеке-жеке су құбырларын тарту жұмысының қызу жүріп жатқандығы. Осынау игі іспен аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық мекемесінің тапсырысымен ТОО «Монолит» мердігер компаниясы айналысуда. Негізгі меже жыл соңына дейін ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.

Келесі кезекте көлік тізгінін осы округке қарасты Садыр ауылына бағыттадық. Мұнда да биылғы жыл көлемінде біршама жақсы істердің атқарылып жатқанын байқадық. Мәселен, облыстық бюджеттен «Өңірді дамыту» бағдарламасы бойынша қомақты қаражат бөлініп, ТОО «Нұр Шапағат»



(Басы 1-бетте)

БАБАЛАР КӨЗІ – БАЛБАЛ ТАСТАР ЖЫЛАП ТҮР




Соның арқасында үйсіндердің б.д.д. 4-3 ғасырларда үй тұрмысында пайдаланған жергілікті саздан жасаған қыш бұйымдары қолымызға тиіп отыр. Мүрдеден табылып қолымызға бүтін тигені қыш көзе, тек құлаған шақта имектеп жасаған ұстайтын тұтқасы сынған. Қалғандары үлкенді-кішілі құмыралардың сынықтары. Тарихи жәдігерді ұқыптап жинап әкелген Қазтай Ешмұхаметұлына да тарихшы ретінде дән ризалығымды білдіремін. Бұдан бұрынғы Жаркент аймағын мекендеген ежелгі тайпалар туралы газет бетіне шыққан мақалаларымда үйсіндерде құмырашылық кәсіптің жақсы дамығандығын көрсеткенмін. Үйсіндерде қоғамдық еңбек бөлінісі ежелгі кездердің өзінде-ақ жүрген. Тайпа адамдарының бірі бөлігі төрт түлік мал шаруашылығымен айналысқан. Ендігі бір тобы қыш өндірумен айналысып тұрмыс бұйымдарын жасап шығарып, кен қазып, оны уатып, металл балқытып, тоқымашылықпен, суармалы егіншілікпен айналысқан. Үйсіндерде асыл тастарды өңдеу кәсібі жақсы жолға қойылған, әсіресе, алтыннан зергерлік бұйымдар жасаумен олардың аты шыққан (Қарғалы диademасын еске алыңыз).

Күнделікті тұрмыс-тіршілікке пайдаланатын қыш бұйымдарды шығаратын орталықтардың бірі Басғұншы жері болса, екінші орталығы Үсек өзені аңғарының жоғарғы жағындағы Еңбекші ауылы. Бұл жерлерде қыш ыдыстар жасауға керекті ерекше саздың қоры бар. Қазіргі тілмен айтқанда осы екі орталықта арнайы қыш бұйымдар жасайтын цехтар жұмыс істеген. Айта кетерліктей ерекшеліктері де бар. Көлемі шағын тұрмыстық қыш ыдыстар Басғұншыда көбірек кездеседі де, ал Еңбекші ауылынан табылған қыш ыдыстардың көлемі үлкен (хум) әрі қалың болып жасалған. Осы дүниелердің өзі зерттей білген адамға, ғалымдарға көп мағлұмат берері сөзсіз.

Көне дүниелер көзге түссе тастамай ала жүріп сақтап жүрген азаматтың бірі Серік Бекжанұлы Жұмаділов. Бүгінгі күні алтыншы мүшелге аяқ басқан, алты алапты түгелге жуық шарлап шыққан Секең жер-су, тау-тас атаулыны адақтап шыққаннан соң олардың атауларын жатқа айтады. Ұзақ жылдар ішкі істер бөлімінде қызмет жасап қазір зейнетте отыр. «Қолымда көне дүниелер бар, сақтап қойып отырмын» деген сөзді естігенім, тауып барып жолығып, көзбен көріп, қолыммен ұстап, көп деректер алып қайттым. Сақтаулы заттың бірі Шолақай ауылының үстіңгі жағындағы кезінде шаруашылықтың мал бордақылайтын қораларының жанындағы егістіктен табылған жалпақ үккіш ретінде қолданылған тас құрал. Қола дәуіріне жататын ескерткіш. Осы жерді мекендеген ежелгі тайпаның адамдары Іле өзенінен су шығарып егін салғанда, оны өңдеуде көптеп пайдаланатын құралдары. Мұндай құралдар сирек болса да табылып жатқаны бекер емес, аралап зерттеп көрген адамға сол аралықта ежелгі қоныстың орны да ашылуы мүмкін. Жазылмаған тарихымызды табылып жатқан өткен ғасырлардан қалған жәдігерлер растап жататыны белгілі.

17 ғасырда басталған қазақ-жоңғар тайталасы небір қантөгістермен аяқталғаны жазба деректерде және халық жадында қалып жер-су атауларынан да көрініс береді. Күні бүгінге дейін Қашама атауымен аталатын жалғыз атты адам ерең жүретін асу көп аңыз-әңгімелерге арқау болған. Айтылған аңыздың түбінде шындық жатыр. 17 ғасырдағы Орбұлақ шайқасында қалмақ қолы жеңіліс тауып,



шегіне ұрыс салып Үлкен Үсектің басына келіп жан сауғалайды. Сырт жағы керегелі жартасты тау, жан-жағын қоршаған қазақ сарбаздарының қалың қолы, жоңғарлар қанды сасып тығырыққа тіреледі. Жанталасқанда тапқан айлалары бір түнде бүкіл қалмақ жанталасып жалаң жартастың ернеуін қашап, шұбырма жол салып ары өтіп талқандалудан қашып құтылып кетіпті. Сол тар қысаң жартастың ернеуіне салынған өткел әлі күнге дейін Қашама деп аталады. Бұрынғы уақытта

да, қазіргі күнде де қойшылар көктемде малын сол жерден шұбыртып өткізіп, шүйгінді шөпті жайлауға шығарды. Енді міне, қалмақ үдере қашып сығылып кеткен Қашамадағы қорымнан сол манда өткен шайқастың куәгері ретінде қазақтың бес қаруының бірі айбарлы айбалта табылыпты. Айбалта 1973-74 жылдардан бері Серік Бекжанұлының қолында сақталған. Қашамадағы қалың қорымнан аң аулауға барғанда тауешкі қуалап жүргенінде тауып алыпты. Сапасы өте мықты болатын соғылған, бірақ сапсыз екен. Тат басқан жүзін тазалап, жарқыратып ұстап отыр. Тек табылған кезде жүзі доғалдау жасалынған айбалтаның жүзін шаруаға пайдаланамын деп тегістеп қойыпты. Өткірлігі қыл қиярдай қылпып тұр. Қашамада ұрыс болғандығының нақ дәлелі осы айбалтаның табылуы дер едік.

Тағы бір айта кетерлік нәрсе бар. Кезінде үлкен ұрыс өткен жерлерді (Мен қазақ-жоңғар соғысын бітіріп отырмын) экспедициялық топтың құрамындағы адамдардың арнайы құралдармен тексеріп, заттай деректер іздетіріп жүргенін теледидардан көрдім. Таба да алмады. Өйткені ұрыста қылыш, найза, қалқан, жебе, т.б. қарудың түрлері қолданылғандықтан, шайқас біткеннен кейін ол жерлерде арнайы адамдар болып өлген адамдардың мәйіттерін көміп, сынған найза-қылыштарды, түсіп қалған, атылған жебелерді жинастырып отырған. Жарамдысын іріктеп алып ұрыста қайтадан пайдаланған. Жарамсызын қайта өңдеуге жіберген. Темірден жасалған заттардың қат кезінде әр түйір темір іске асырылған.

Алмалы, Басғұншы өңірінде қай жерде қандай археологиялық, тарихи ескерткіштер жатқанын сұрастырып, біліп алғаннан кейін сол жерлерді нақты білетін адамдардан көрсетіп берулерін өтіндім. Көкжазықтағы үйсін обаларының орналасқан жеріне 2000 жылдары марқұм И.Крылов атындағы орта мектептің сурет пәнінің мұғалімі Әбілғазы Атамбаев алып барды. Сонымен қатар Ә.Атамбаев мектеп оқушыларының әр жерден тапқан үйсін дәуірінің баға жетпес ескерткіштері қыш құмыраларды жинап, сарайында сақтап отырған екен, соларын да маған тапсырды. Менің ұлым Солтанаев Сәкен Көкжазықтағы үйсін обаларын санап, фотоаппаратпен суретке түсіріп, кейін суреттерін шығарып, ғалымдарға таныстырды. Тағы бір айта кететін нәрсе, Сәкен обалар қоршаған ортада жатқан үлкен жалпақ қара тасқа қашалған таңбаны да суретке түсірді.

Тас тұлғалар ғалымдардың болжамынша түркі қағанаты құрылған кезеңнен – 6 ғасырдан басталып 11 ғасырларда тоқтатылады. Қашалып жасалғанына жүздеген жыл өткен Көкжазықтағы екі балбал тастың тұрғызылған жерін Басғұншы ауылының тұрғыны Дөненбаев Оспан көлігімен біраз жерді шарлап, батпақтап жүріп тауып, көрсетіп берді. Жақсы сақталған ер адам бейнеленген биік балбал мүсін Қызылауыз деп аталатын үлкен сайдың аузына жетпей тұрғызылыпты. Түркі кезеңіне жататын мүсін тастардың барлығы жау келетін тұсқа, шығысқа қарап бет түзейді. Жол шетіне зормен тік тұрғызылған балбал тастың өң беті батысқа қаратып қойылыпты. Мың өліп, мың тірілген қазағымдай бұл балбалдарда бұл жердің билеушілері ауысқан сайын, сыртқы жаулармен қидандасып қырыққан шақтарда қанша рет құлатылып, қанша рет тұрғызылды екен деген ойға қаласың. Екінші балбал тасты колхоздың егістік жер жырту науқаны кезінде соқа тіреліп қала беретін болған соң трактористер бұл бекер жатқан тас емес деп екі жүз, үш жүз метрдей жердеп жылжытып әкеліп жыртылған егістіктің шетіне тұрғызып қойыпты. Сол жерде туған елдің сақшысындай әлі тұр. Балбал тастың әрі-бері сүйреп жүргенде басқы жағы бүлінгені болмаса үлкен әрі жұмырлау етіп қашалып жасалғаны білініп тұр. Алмалысу аңғарындағы ерте түркілік кезеңге жататын балбал тасты (Кемпір тас. Бір айта кететіні шығыстан тартып батысқа дейін түркілер билеген жерлерде әйелдер бейнеленген тұлғалар сирек кездеседі) оның айналасындағы адамды жерлеу рәсімін

атқаратын орынды сипаттап жазып, суретке түсіруім керек болды. Жақын ініміз Бектеміров Тойшыбайға өтініш жасап едім сұрауымды аяқсыз қалдырмай 2009 жылы жаз айында көлікпен қамтамасыз етіп, бірнешеуімізді Тоқсанбай жотасы деп аталатын таудың бауырындағы Алмалысу шатқалына алып барды. Тау жолының бойындағы беткейдегі мал сүйкенип құлап жатқан жүздеген жылдар бұрын осындағы билеушінің құдіретіне бас иіп қойылған балбал тасты төрт-бес адам зорға тұрғызды. Тас тұлға тұрғызылған тұста ерте кезеңдегі өлген адамды шамам тұрғында жерлеген орын, яғни дүниеден өткен адамды бар дүние мүлкімен қосып ортеп күлін көмген жер бар болып шықты. Құл жатқан үй орнындай жерді айналасына тізілген таспен қоршап қойыпты. Сол төңіректің мал бағып жүрген азаматтар да келіп қолғабыс жасады. Әр төңірекке орналасқан балбал тастардың, Көкжазықтағы 50-ге жуық үйсін обаларының санын алуға, көлемін, биіктігін өлшеуге суретке түсіріп шығарысуға Нұрсәғат, Ергенат Әлібаевтар жақсы көмек көрсетті. Мұнда да осы жұмыстар барысында Тойшыбай, Жәмеңке інілеріміз де ескерткіштерді ретке келтірудің басы-қасында жүрді.


Қариялардың қасында жүріп көне әңгімеге қанығып өскен әңгімешіл Жәмеңке Дауытбеков былтырғы жылы 9 ғасырға жататын жәдігерді сирақтары бар қола шырағданның жартылай бөлшектерін әкеліп тапсырды. Құнды дүниенің бірі саналатын шырағдан, май шам, тағы басқа да табылған заттар бізге Жібек жолының бойында тұрып маңызды роль атқарған Басғұншы туралы тың дерек береді. Баға жетпес жәдігер ауылдың солтүстігіндегі бірнеше гектар жерді алып жатқан алма бағының арасындағы арық бойынан табылыпты. Қазба жұмыстары жүргізілсе сол маңайдан ежелгі қоныс екендігін анықтайтын біраз айғақ нәрселер табыларында күмән жоқ. Ал май шам Ақбұрқандағы әлі бүлінбей томпайып, сақталып тұрған үйсін обасының түбінен кездейсоқта табылған. Өрмеке емшінің баласы Арманның қолынан алынған шыңылтыр май шам жәдігеріне 10 ғасырдан астам уақыт өтіп отыр. Ата-баба тарихын құрметтеу, оған қызғышлық көзқарас деген осы. Сирек болса да тау мен жартастарға қашалған таңбалы тастар тарихы осы араны мекендеген тайпалардың тұрмыс-тіршілігін суреттейтін дала кітабы секілді.

Алмалы ауылының солтүстік батысындағы қыраттағы қой тастарда әртүрлі таңбалар көптеп кездеседі. Қыр төсіндегі тастардағы түсірілген таңбаларды менің оқушым С.Әбдіқадірұлы мал бағып жүріп көріп, орын ұмытпайтындей белгілеп қойып алып барды. Кәсіпкер Елдос Ибрагимов та ол таңбалы тастарды білетіндігін айтып көлігімен жеткізді. Бестөбенің күнбатыстан шығысқа қарай биіктей беретін қыртыс-қыртыс болып қатпарланып созылып жатқан қырка-қырқанысын әрлі-берлі, жоғары-төмен кезіп жүріп көптеген петроглифтерді суретке тарттым. Кейінінен «Жаркент айнасы» газеті бетіне көлемді материал бердім. Қорғас өзенінің орта шеніндегі Шұңқұрбұлақ аңғарының ішіндегі биік жартастың орта шеніне қашалып салынған таңбаларды ағайынды Амангелді Самықжанов пен Диас Сәйденов екеуі белдеріне арқан байлап төмендеп келіп суретке түсірген. Ұшпа жартас бетіне түсірілген таңбалар мазмұнды әрі жақсы сақталыпты. Түсірілген таңбалардың фотосын маған табыстады. Бұл таңбалардың тарихи құндылығында баға жоқ. Осыдан он шақты жыл бұрын Басғұншы ауылындағы И.Крылов атындағы орта мектептің 5 сынып оқушысы ауылға су құбырын тартуға қазылған жыраның шетіне шығарып тастаған топырақ үйіндісінің арасынан тауып алған қыш бұйымдары туралы мақала «Егеменді Қазақстан» газетінің бетіне шығып, марқұм академик У.Шәлекенов (Менің ҚазҒУ-дегі тарих фақ. деканым) сияқты үлкен ғалымдардың назарына ілікті. Академик ағамыз менімен хат, телефон арқылы хабарласып табылған жәдігерлердің құнды екендігін, әсіресе, Жаркент жерінің тарихи

мұраларға бай, бірақ әлі зерттелмей жатыр деген өкінішін білдірді. Ғалым ағамыздың айтқаны өте орынды.

Бұл мақалаға Алмалы, Басғұншы ауылдарының төңірегінен жер қазу кезінде және кездейсоқ табылған жәдігерлер ғана еніп отыр. Ал, Қорғас пен Қоңырөлең аралығында қаншама маңызы бар осындай адамдардың тарихи білімдерін толықтыратын дүниелер жер қойнауында жатыр. Жаркент жеріндегі обалардың, көне қорымдардың 19-20 ғасырларда тоналып кеткендігінен хабардар шығарсыздар. Тоналып, ондағы көнеңің асыл бұйымдарының көбі қолды болғандығын ел аралап жүргенде естіп жүрмін. Тіпті алысқа бармай-ақ қойып, 50 жылдардың орта шенінде әскери адамдар Жерұйық ауылының (бұрынғы Нағаршы ауылы) төңірегіндегі үлкен үйсін обаларын жарылғыш заттар қойын жарып, астынан шыққан заттарды машиналарға басып алып кеткенін естідіңіз бе? Солай болған. Жан-жағына солдаттардан күзет қойып, әлдебір заттарды тасып әкеткенше ешкімді біраз күнге дейін маңайлатпаған. Белжайлаудағы, Қашама төріндегі көп көзінен тыс жатқан үйсін обаларының біразы тоналып кеткен. Оны көзбен көргендер айтады.

Жаркент өңіріне археологтардың күрегі 2016 жылы тамыз айының басында тиді. К.М.Байпақовтың басшылығымен археологиялық экспедиция бір ай бойы Үшаралдың солтүстігіндегі орта ғасырлық Ілебалық қаласының орнына қазба жұмыстарын жүргізді. Археологиялық қазба жұмыстары қалай жүргізіледі, табылған заттар қалай зерттеледі, не табылады екен біле жүрейін деп ара-тұра мен де қатысып тұрдым. Археологтар қазба жұмыстарын бір ай көлемінде аяқтады. Бір таңданарлық нәрсе осы Үшарал ауылының түбінде жүргізіліп жатқан жұмыстары туралы археологтардан аудан әкімшілігі тарапынан қазба жұмысының нәтижесін ресми түрде сұраған адам болмады. Саудагерлікке салынып кеткен аудан болған соң ба археологиялық қазба жұмысына көңіл бөлінбеді. Археологиялық жұмыстың мақсаты қандай, қазба кезінде не бұйымдар табылды, қандай құнды жәдігерлер алынды, оның көне Жаркент тарихына қатысы бар ма деп сұрау ешкімнің ойына келмеді. Бірақ «Біздің көне Жаркент» деп сөйлейтін сайрауықтар жетерлік. Қазба жүргізген археологтардан шағын болса да мәлімет алып халыққа жариялауға болар еді. Құлықтары болмады. Сонан кейін аудан жұршылығы хабардан болсын деген ниетпен Ілебалық қаласының орнына қазба жұмысын жүргізуді басқарған археолог К.М.Байпақовтың «Промышленность Казахстана» журналында орыс тілінде жариялаған мақаласын қазақшаға аударып «Жаркент айнасы» газетінің бетіне шығардым. Аудандағы оқу орындарының



біраз мұғалімдері Ілебалық қаласының орнына оқушылардың әккісұрып жасатқанымен танымдық тұрғыдан «Жаркент айнасы» газетіне шыққан материалдармен ғана танысып, шектеліп жүр. Ал енді Ш.Улиханов атындағы Тарих және этнология институтымен байланыс жасаған болса, онда қазба жұмысы туралы материалдарды жинақтап шағын брошюра шығаруға да болар еді. Сонда жергілікті жұртшылықтың өз жерінің өткендегі қилы-қилы тарихына қанығары сөзсіз. Еліміздің біршама тұсында қазақ жеріндегі ежелгі тайпалардың қоныстарын, қорымдарын зерттеу мақсатында археологиялық қазба жұмыстары кенінен жүргізіліп жатыр. Қазба кезінде табылған алтын адамдар (үлде мен бүлдеге бөленген) өзінің ерекшелігімен әлем жұршылығының таңалдыны қалқыруда. Жаркент өңірін мекен еткен ежелгі тайпалардың жер асты тарихына үнілетін кез де келіп қалар. Дегенмен де қазіргі тарихи орнында тұрған балбалдарды қорғау, оларды қоршауға алып, тұсына ескерту тәсілдерін орнату мәселесі мүлдем жүрмей тұр. Басғұншы төңірегіндегі, анау Белжайлаудың Қызылқиясындағы балбал мүсіндер біраз жылдардан соң табиғат құбылысының әсерімен, одан қалса мал тұяғымен мүжіліп, қирап жерге сіңіп кетері сөзсіз. «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының дүмпуімен облыстан арнайы осы араға келіп, тас тұлғаларды суретке түсіріп, «күтімге аламыз, мемлекеттік тұрғыда қамқорлық көрсетеміз» деп есепке кіргізіп, жазып алып кеткен адамдардан қайыр болмады. Олардың өздері хабар-ошарсыз кетті. Енді бұл тарихи ескерткіштерді қорғау жұмыстарын аудан өз міндетіне алмаса іс алға жылжымайды.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы»
газетінің Бас редакторы.

Көшпелі түркі мәдениетінің арба, киіз үй, бесік т.б. материалдық мүліктері өркениетті XX ғасырға аман-есен жетті. Сол сияқты бабаларымыздан қалған рухани игіліктер – Көне түркі сына жазуы және Көне түркі күнтізбесі далалықтардың ақыл-ойынан туған керемет дүниелер еді. Осының алдыңғысы әлемге біршама танымал болса, кейінгісінің танылуы соңғы отыз жылдың еншісінде. Сондықтан түркілік мұра – шартты түрде «Тоғыс есебі» деп аталатын күнтізбені қайта тірілтіп, оған дүниежүзінің назарын аударған белгілі күнтізбе зерттеуші Қалдархан Қамбармен әңгімеміз көбіне арнайы ортада ғана сөз болатын Қазақ күнтізбесі және оның маңызы туралы болды.



Қалдархан ҚАМБАР:

АСТРОНОМИЯ ТУРАЛЫ ЕУРОПАНЫҢ ЕМЕС, КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ІЛІМІ ДҰРЫС

– Қалдархан Әлсейітұлы, көп жағдайда сұхбаттасушыға алдымен қойылатын дәстүрлі сауалдар болады ғой, сізден де сұрайық: күнтізбе зерттеу секілді күрделі салаға келуіңізге не себеп болды?

– Шынын айтсам, о баста менде осыны зерттейінші, керек нәрсе екен деген секілді қызығушылық болған жоқ. Анау Созақтың Қаратау жағында өмір сүрген Сатыбалды деген кісі «Тоғыс есебін» зерттеген екен, біз сол кісінің ұрпағы боламыз. Менің әкем Әлсейіт Қамбарұлы (2003 жылы 81 жасында дүниесін салды) осы «Тоғыс есебін» білетін еді. Аталарынан үйренген. Маған да үйрететін. Ол кезде кішкентай баламын, терең мән бергенім жоқ. Әкем Айдың Үркермен тоғысатынын дүрбімен көрсеткенде жай қызықтайтынмын. Соншалық қатты әсер етпеген де сияқты. Бірақ бала кезде миға кірген нәрсе далаға кетпесе керек. Жасың жер ортаға жақындағанда бұрынғы естігендерің басында пісіп, осыны әкеміз неге үйретті екен деп ойлана бастайды екен адам.

Студент кезіміз құр өткен жоқ. Алматыдағы ұлттық кітапханаға жиі барып, мол жазынаны армансыз ақтардык. Ізденем деген адамға кітап көп. Сондайда баяғы әкемің айтқандары ойыма оралып, ұлттық күнтізбеге қатысты іздене бастағанымда қолыма физика-математика ғылымдарының кандидаты Хасен Әбішев (1902-1981) атамыздың «Халық астрономиясы», «Аспан сыры» деген кітаптары түсті. Соларды оқыған соң барып әкемің айналысып жүргені түркі халықтарының мұрасы екенін түсіндім. Әкемінен естігендерім мен кітаптан оқығандарымнан қорыққандарымды жүйелей бастадым. Содан «Тоғыс есебін» зерттеу менің өмірлік жұмысыма айналып кеткендей. Оқуды бітірген соң журналист болып жұмыс істегенде де бір ойым сонда болса, қазір Алматы қаласы әкімдігінің бір құрылымында қызмет атқарып жүрсем де соны естен шығарған емеспін. Өйткені әкем соны жайымен түсіндіріп жүріп-ақ мынамыз сіңіріп кеткен екен. Әкем қайтыс боларынан аз уақыт бұрын мені шақырып алып, осы істі аманаттап кеткен еді. Сонда өмірінің соңғы күндерінде сөйлеуден қалған әкем мәңгілік көз жұмарынан алты сағаттай бұрын (ол кезде, әрине білген жоқпыз ғой) кенеттен тілі ашылып маған: «Балам, балаларымның ішіндегі оқыған-тоқығаны сенсің. Әулетімізде ешкім қызықпады мына кәсіпке. Сенің жазғандарыңды оқып жүрмін. Бұл – сонау Сатыбалды бабамыздан келе жатқан мұра, осыны сен ғылыми жүйеге түсіріп жазып, әлемге танытуға талпын. Мұны ақша үшін, басқа үшін істеме, сауап үшін істе. Халық мұны ұмытып кеткен, енді мүлде жойылып кетпеуі керек. Осы саған аманат» деген еді. Содан зерттей келе ақыры толық түсіндім ғой. Әрине, сонша уақыт арнап жүйелеу де оңай болған жоқ. Біреулер күлер бәлкім, сонша отыз жыл

уақыт кетіретіндей несі бар деп. Әкемің жас кезімде айтқандары мен кітаптардан оқығандарымды талдап, сараптап, соны мына Еуропаның ғалымдарына түсінетіндей дәрежеге жеткізіп бергеннен кейін олар оны әрі қарай іліп кетті. Сөйтіп қазір нәтижесін күтіп отырған жайым бар. Бірақ әзірше қазақ түгілі күллі түркі елінен «тоғыс есебіне» қандайда бір қызығушылық көріп отырған жоқ. Ал мына Еуропаның ғалымдарына қызығам, олар ғылым десе ішкен асын жерге қояды. Оларда ғылымның дамуы да сондықтан. Мәселен, таяуда маған анау ғарыш агенттігі – НАСА-да жұмыс істейтін АҚШ-тың бір ғалымы хат жазды. Мен ағылшын тілінде шыққан мақалаларымды кітапқа айналдырғам. Соны оқыған екен. «Мен де аспан денелерін зерттеймін. Бірақ кейбір зерттеулеріме негіз таба алмай жүр едім, сіздің зерттеулеріңіздің ішінде көшпенділер (олар қазақ, өзбек не түркілер демейісін номад дей салады ғой) қолданған бір цикл бар екен, соны өзімің бағытыма негіз қылып алғым келеді, соған рұқсат етесіз бе?» деп жазыпты. Бұл – әрине, мен үшін қуанышты жағдай. Ешкім қызықпай жатқан қазақтың бір дүниесіне кезінде Илон Масктың ғарышты игеру бағдарламасында жұмыс істеген мықты ғалым қолқа салып жатса жақсы емес пе?! Өзі де таңғалып отыр. «Көшпенділердің осындай жүйесі бар, соны пайдаланамын деп ойламаппын. Таңғаларлығы, сіз ұсынып отырған жүйе менің ғылыми бағытыма сәйкес келіп тұр» дейді.

– Кеңестік кезеңде, дәлірек айтсақ XX ғасырдың екінші жартысына қарай қазақ авторларының күнтізбе туралы алғашқы зерттеу еңбектері шыға бастағаны белгілі. Олардың маңызы қандай еді?

– Кеңестік кезеңде жалпыұлттық құндылықтар жөнінде айтуға, зерттеуге кедергілер көп болды, тіпті кейбір нәрселерге ашық түрде тыйым салынғаны белгілі. Халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына қатысты жөн-жобаларға «ескіліктің қалдығы» деп қарайтын қытымыр заманда өмір сүрдік. Дегенмен кейбір жағдайларға байланысты мемлекеттік идеология халыққа кеңшілік беруге мәжбүр болған жайлар бар.

Мәселен, осыдан тура алпыс жыл бұрын – 1961 жылы қазақ жеріне салынған Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылған жер серігімен адамзат тарихында алғаш рет Юрий Гагарин көкке самғағаннан кейін халықта «ғарышта не бар?», «ол жаққа адам неге ұшып жатыр?» деген сияқты сұрақтар көбейіп, білмекке деген ынта күшейген ғой. Сол үшін бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жасап отырған орталықтың жауапты тұлғалары халыққа ғарыш туралы жалпылама болса да білім беруге шешім қабылдаған. Сол кезде ҚазПИ-де оқытушы болып істейтін Хасен Әбішев деген ғалым кісіге кітап жазуға тапсырма берілген көрінеді. Ол кісі 1957 жылы аспанға алғашқы жасанды серіктер ұшырыла бастағаннан ғарыш саласына қызығып, іздене бастаған ғой. Сөйтіп 1959 жылы алғашқы кітабы шыққан («Халық астрономиясы»). Міне осы кітапта алғаш рет «Тоғыс есебі» туралы айтылады. Тым көп емес, бір жарым беттей ғана. Қазір ол кітаптың Ұлттық кітапханада бір-ақ данасы бар. Көп оқылғаны сондай, жұлым-жұлымы шыққан. Мен де оны қолыма алып оқып шыққам. Міне осы кітап қазақтың есінен шығып бара жатқан көп нәрсені қайта тірілтуге себеп болды. Осы кітапты оқыған соң біраз адамдар қазақша «Тоғыс есебімен» жыл санауды, мүшел қайыруды естеріне түсірді. Содан бұл салаға деген халықтың ықыласын білген Х.Әбішев «Аспан сыры» деген кітабын (1962 және 1966 жылдары екі рет шықты) жазып жариялады. Оған халықтың аспан денелеріне байланысты ұғым-түсініктері қамтылған көптеген әңгіме енген. Ол кезде халықтық астрономия жайында көп білетін қариялар көп болған. Кітап авторы сондай көненің көзі секілді ақсақалдармен сөйлесіп, біраз нәрсе жазып алған. Кітабының соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі жоқ, ақпарат беруші 88 қазақтың ғана аты-жөні жазылған. Міне сол адамдардың деректері бойынша елдің жадынан көмескіленіп бара жатқан нәрсе қайта жаңғырып, жоғалып кетуден аман қалды. Қалайда бұған басты себеп ғарышқа алғашқы адамның қазақ жерінен ұшқаны деп санауға болады.

Бұдан бірталай уақыт өткен соң этнограф ғалым Мыңбай Ысқақовтың «Халық календары» (1980 ж. Алматы)

атты кітабы жарық көріп, қызықты оқылып, елдің күнтізбе туралы білімін толықтырды. Бірақ бұдан кейінгі кезеңде қазақтың, жалпы түркі халықтарының күнтізбесі туралы әңгіме өрбімей қалды.

– Жер бетінде шығыс әлемінің Хижа, христиан әлемінің Григорян секілді танымал жыл санаулары бар. Түркілердің жыл санауы туралы не айтар едіңіз?

– Жалпы жер бетінде, Орталық Азия, Сібір, Кап тауы жақтағысын – бәрін қосқанда 230 миллионға жуық түркі халықтары өмір сүреді деген дерек бар. Олардың біреулері бір-біріне жақын аймақта өмір сүріп жатса, енді біреулері шашырай қоныстанған. Дегенмен бүгінде түркі елдері құрған «Түркі кеңесі», «Түрксой» секілді жыл сайын бас қосып отыратын ұйымдар бар. Міне, осылар ортақ түркі танымын әлемге паш ететін кейбір құндылықтарға баса мән бере бермейтіні көңілге кірбің ұялатады. Әйтпесе түркілік жыл санау деген ұғымды әлемге танытуға болар еді ғой. Әлем өзіндік дүниетанымы, күнтізбесі, жыл санауы жоқ елдерді мойындай бермейтінін бәрі біледі. Ал бізде көне түркі әліпбиі, түркілік күнтізбе дегенді әлемге алып шығуға соншалық үлкен кедергі де жоқ.

Осы тұста есімізде жүруге тиіс бір әңгімені айта кетейін: осы түркілік жыл

санауды әлемдік өркениетке түбінде бір ел кіргізеді. Ол қазақ не түрік, өзбек не қырғыз, әзірбайжан не түркімен болуы мүмкін. Кім кіргізсе де күнтізбе соның атымен аталады, аты тарихта мәңгі қалады. Ол анық. Айталық, католиктердің осы уақытқа дейінгі 266 Папасының ішінде аты ең жиі аталатыны – Григорий. Неге? Өйткені ол бүгінгі Григорян күнтізбесін енгізіп кеткен тұлға. Одан бұрын Юлий күнтізбесін кіргізген Юлий Цезарьдың да императорлар арасында аты жиі аталады. Демек, қазақ мемлекеті де әлем тарихында аты жиі аталуын қаласа түркілік күнтізбені өз халқының, ата-бабаларының мұрасы ретінде әлем назарына ұсынып, іс жүзінде қолданысқа енгізудің амалын табуы керек. Бұл – аса маңызды шаруа. Егер осыны біз қолға алып жүзеге асырсақ, әлемде күнтізбелер туралы айтқанда түркілік күнтізбеге «Қазақ күнтізбесі» деп сілтеме жасауға мәжбүр болады.

– Енді өзіңіз зерттеп, әлемге танытып жүрген түркі өркениетінің «Тоғыс есебі» жыл санауы туралы толығырақ айтсаңыз. Оның жүйесі мен тиімділігі қандай?

– Ең алдымен, атауы жөнінде айтайық. «Тоғыс» – тоғысу, яғни бір аспан денесінің екінші бір аспан денесін көзден тасалап жабуы. Ал қазақтар бұрында күнтізбені «есеп» деген, яғни күндерді есептеу, ай-күндердің есебі. Он үш түрлі фазадағы Айдың Үркерді жылдың 13 не 14 айында «басып өтуі» тоғыс, тоғысу деп аталады. Демек «Тоғыс есебі» деген Ай мен Үркердің тоғысуына негізделіп жасалған жұлдыздық ай-күн күнтізбесінің ерекшелігін танытып тұр.

Тоғыс кезінде Үркердің көзге көрінетін 6-7 жұлдызы Айдың арғы жағында, тасада қалады да, жердегі бақылаушыға көрінбейді. Ай ақырын жылжып өткеннен кейін тоғыс аяқталып, Үркер көрінеді. Ай мен Үркер үнемі тоғыса бермейді. Екі тоғыстың аралығында өтетін уақытты қазақ халқы тоғыс айы деп атайды.

«Тоғыс есебі» күнтізбесінің дүниежүзіне белгілі күнтізбелерден айырмашылығы, бірегейлігі – бұл күнтізбеде жұлдыздық ай (астрономия ғылымы «сидерический (звездный) месяц» деп атайды) мөлшері қолданылады.

Ай мен Үркердің тоғысуына негізделген Тоғыс есебіндегі айдың ұзақтығы – 27,32 тәулік, яғни 27 күн 7 сағат 43 минут болады. Ежелгі уақыттарда бұл мөлшерді 28 күн деп есептеп бір жылда 364 күн болады деп шешкен (28x13=364 күн). Бірақ менің әкем Әлісейіт «Тоғыс есебін» 355-356, 382-383 күн деп жаңа есеп жүйесін жасаған есепші еді. Мен осы есепті зерттеп, әкемнің жаңа есебі дұрыс екеніне көз жеткіздім.

Астрономия ғылымын жетік білмеген ежелгі есепшілер жаздың басында (10 мамыр мен 20 маусым аралығы) Үркер аспан әлемінің екінші жағына (көкжиектен төмен) «батып», Жер шарының солтүстік жартысындағы елдерге 40 күндей көрінбейді деп ойлаған. Ақиқатында Үркер қозғалмайтын жұлдыз шоғыры, сол себепті бұл 40 күн бойында Үркер аспанда тұрады. Бірақ оны Күннің жарық сәулесі бүркеп біздерге көрсетпейді.

Көкек («сәуір» деген атау дұрыс емес) айының орта шамасында Үркерді бір жаңасындағы Айдың жіңішке орағы жауып өткеннен кейін, келесі екі айда Ай «өліара» қалыпта болады. Одан кейінгі айлар – 27, 25, 23, 21, 19, 17, 15, 13, 11, 9, 7, 5, 3 тоғыс айлары деп аталады. Тоғысу үнемі тақ санға келе бермейді, 8, 6, 4 және 2 тоғыс т.с.с. болуы да мүмкін. Бірақ

атауы: Әл-Қаукаб әл-Шамалий («солтүстік білік, ұршық») қарсы бетіне келген кезден бастап есептеу. Үшінші шарты тоғыс айының басы Ай фазасының жұп күніне тура келсе де, оны тек тақ санмен есептеп отыру. Мысалы, 6 күндік фазасын – сәйкес келуіне қарай 5 не 7 тоғыс айы, 12 күндік фазасын – сәйкес келуіне қарай 11 не 13 тоғыс айы т.т. деп есептеу қалыптасқан. Әлемдік астрономия ғылымы осы уақытқа дейін 29-30 күндік Ай күнтізбесін жасауға болады, ал 27-28 күндік жұлдыздық күнтізбе жасау мүмкін емес деп санаған. Ал көшпелі халықтар кең далада аспанды еркін бақылап өскендіктен Ай мен Үркердің қозғалысындағы заңдылықты жақсы білген. Сөйтіп «Тоғыс есебін» тұрақты жүргізген.

Бұл – жұлдыздар қозғалысына қарап дұрыс күнтізбе жасалмайды деген еуропалықтардың тұжырымын теріске шығарады. Бұл – кәдімгідей Үркер мен Айдың қозғалысына сүйеніп жұмыс істейтін күнтізбе.

– **«Тоғыс есебі» күнтізбелік жүйесі бізден басқа қай елдерге белгілі?**

– «Тоғыс есебін» бұрын аз ғана түркі елдері білсе, 2018 жылдан бастап әлемнің көптеген еліне танымал бола бастады. 2009-2010 жылдары «Тоғыс есебі» туралы алғаш айтқанымда Англия

айтқаның шындық екен, мына күнтізбе мүлтіксіз жұмыс істеп тұр» деді анығына көзі жеткесін. Мен «Тоғыс есебін» қарабайыр қазақи жолмен зерттегем ғой, ал ол физиканың, астрономияның формуласына салып тексергенде жұлдыздық, күнтізбенің уақытты дәл беретінін дәлелдеді. Біз «Тоғыс есебінің» неше мың жыл бұрын пайда болғанын білмейміз ғой, бірақ сонша көне бола тұра ата-бабамыз ойлап тапқан күнтізбенің бүгінгі электрондық есептеулерде дәл шыққанына тандай қаққан Питер Мейер Алматыдан Еуропадағы Карл Палменге «Қалдарханның айтып жүргені рас екен» деп хат жолдап, мәселені түсіндірді. «Көшпелілердің күнтізбесі мықты екен, тіпті Григориан күнтізбесінен де қолайлы. Дүниежүзіне насихаттауға тұратын дүние» деп «Тоғыс есебі» туралы «Қазақтардың көшпелілер күнтізбесі – қысқаша сипаттама», «Ежелгі қазақ көшпелілерінің күнтізбесі» деген екі ғылыми мақала жазды. Кетерінде «сен осыны зерттемегеніңде ешкімнің көзіне түспей, ұмытылып кететін еді» деп ризашылығын білдіріп кетті.

– **Қай күнтізбені алсақ та, уақытты дәл есептеу жөнінен бір кемшілігі табылып тұрады. Содан болар, әлемде әмбебап күнтізбе жасау идеясы көп уа-**

Жалпы біздің қазақ журналистикасында жиі кетіп жататын үлкен олқылықтың бірі тақырыпты алдын ала зерттеп алмау дер едім. Егер Бекен бауырымыз ғаламтордан сәл ғана іздеу салса, дәл осы Сайлыбай ағамыз 25 жыл бойы ізденіп жасап шықтым деген «күнтізбесін» 171 жыл бұрын француз философы Огюст Конт (1798-1857) «мен ойлап таптым» дегенін көрер еді. Демек, Бекболатовтың бұл жұмысы еуропалықтарға әліктен жасалған күнтізбе. Тіпті, бұдан 40 жыл әріде тап осындай «Мәңгілік күнтізбе» идеясы (13 ай × 28 күн = 364) Мыңбай Ысқақовтың «Халық календары» деген кітабында айтылған. Жалпы, дүниежүзіне ортақ күнтізбе жасау мүмкін емес. Мәселен арабтар қалай қылса да «Күн күнтізбесін» пайдаланбайды. Өйткені Құранда «Тәуба» сүресінің 36-аятында ««Расында Алла қасында көктер мен жерді жаратқалы Алланың кітабындағы айлардың саны – он екі. Бұлардың төртеуі құрметті айлар» делінген. Міне осы себептен арабтар Ай күнтізбесін ұстанады. Ал еуропалықтар, яғни христиан әлемі «Күн күнтізбесін» қолданады, сондықтан ешқашан «Ай күнтізбесін» қабылдамайды. Қытайлар мен еврейлер «Ай-күн күнтізбесін» пайдаланатындықтан «Ай күнтізбесі» мен «Күн күнтізбесін» ешқашан жеке пайдаланбайды. Ал әлемдік күнтізбелер қатарынан енді орын алмақшы түркілердің төл күнтізбесі «Жұлдыздық күнтізбе» екені белгілі. Сол үшін әлемге ортақ «мәңгілік күнтізбе» деген нәрсе орындалмайтын арман дер едім.

– **Сөзіңіздің соңында «Тоғыс есебі» түркілік күнтізбесінің бүгінгі жағдайы мен болашағына қатысты тұжырымыңызды айтсаңыз.**

– Ал енді «Тоғыс есебі» күнтізбесінің қазіргі жағдайына келер болсақ, Питер Мейер екеуміз үш ай бойы зерттеп, тұжырымымызды жариялап, кейін арнайы сайтқа орналастырып қойғаннан кейін оны дүниежүзі көріп отырғаны анық. Әлі де зерттелу үстінде болғандықтан, «Тоғыс есебі» жайында пікір айтылып жатқан жоқ. Өйткені дүниежүзінің астрономиялық қоғамы «Тоғыс есебі» сияқты күнтізбенің болуы мүмкін емес деп жазған, ал біз Питер Мейер екеуміз күнтізбенің есебін, кестесін міне деп көрсетіп қойғанбыз. Мен ағылшын тілінде жазған кейінгі екі-үш мақалама «Астрономия туралы Еуропаның емес, көшпелілердің ілімі дұрыс» деген сыңайда еуропаның астрономия ғылымына ашық шабуыл жасап отырмын. Өншейінде өре түрегелетін Еуропа ғылымы тым-тырыс жатыр. Тыныштық. Әрине, ақымақ емеспін, айтқан сөзіме жауап беруге тура келетінін білемін. Бірақ оған менің жеткілікті дәлелдерім бар. Оның бәрін бұл арада келтіріп отыру мүмкін емес. 2018 жылы «Тоғыс есебі» деген кітабымды бітіріп, мемлекеттік «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» бағдарламасына ұсынғам. Бірақ тиісті орындар бізге мұндай кітап қажет емес деп, тендерден сызып тастапты.

Одан кейін де жоғары жақтарға хат жазып, ұсыныс айтып көрдім. Тиісті кісілердің назарына түспеді де, ешқандай жауап болған жоқ. Дегенмен қазақ керек етпеген кітапты АҚШ-тың academia.edu веб-сайты жариялады. Ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде. Іздеген адам болса тіркеліп, сол жерден оқи алады.

Қалай десек те, дәлдігі өте жоғары бірегей түркі күнтізбесі қазақ жерінде қайта жаңғырып, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі дәуірде әлемге жол алды. Егер мемлекетіміз бір кезде түркінің руникалық жазуын және сонымен жазылған шығармаларды зерттеп, үлкен табысқа жеткенін ескерсек, онда ата-бабамыздан жеткен асыл мұрамыз – «Тоғыс есебі» күнтізбесін де солай жарыққа шығарып, оны әлемге «Қазақ күнтізбесі» ретінде танытып мойындата алатынына сенімім мол.

– **Әңгімеңізге рақмет! Төл күнтізбеміз төрімізде тұратын күнге жеткізсін!**

Сұхбаттасқан Ахмет ӨМІРЗАҚ
turkystan.kz
(Тақырыбы өзгертілген)



оларды қалыптасқан дәстүр бойынша тақ санға келтіріп 7, 5 тоғыс, 3 тоғыс т.с.с деп айтады. Тоғыс айларын осылай белгілеудің өзі түсінген адамға даналық. Григориан күнтізбесінің жылында 365 немесе 366 күн болса, Тоғыс есебінде 355-356, 382-383 күн болады. Бұл күндер қазіргі еврей, қытай күнтізбелеріндегі секілді есептеледі. Жалғыз айырмашылығы, ол күнтізбелерде әр айда 29-30 күн болса, Тоғыс есебінде 27-28 күндер болады. Тоғыс есебін жүргізу үшін астрономия ғылымын өте жақсы білу керек. Бұл мәселемен шұғылданған сауатты адамдарды ежелде «есепшілер» деп атаған. Есепшілер Айды, Үркерді, Сүмбілені т.б. жұлдыздарды бақылап төл алу, бие байлау, жайлауға көшу, қой қырқу, күйек ағыту т.с.с шаруашылық маусымдарының мерзімдерін бұқара халыққа жариялап отырған. Олардың практикалық ережелері бойынша: «5 тоғыста күйек түседі», «3 тоғыста қой коздайды» т.с.с.

Тоғыс айын ұтымды қолданудың бірінші шарты – туар ай мен тоғыс айының арасындағы 2,208927306 тәулік немесе 2 күн 5 сағат 0 минут 51,3192 секунд уақыт айырмашылығын әбден түсініп пайдалану. Екінші шарты – әрбір тоғыс айының бірінші күнін Ай мен Үркер «тоғыса» отырып жылжып, жуық түрде орнынан қозғалмайтын Темірқазықтың (ағыл. Polaris, Ursaе Minoris, араб. Әл-Қутб әл-Шамалий «жебе, шеге», екінші

ғалымы Карл Палмен мен Австралия ғалымы Питер Мейер менің сөзіме сенбей, «мұндай күнтізбені» іс жүзінде жасау мүмкін емес, қателесіп отырсың деген-ді. Сосын мен «екеуіңнің біреуің Қазақстанға келіндер, мен түсіндірейін» дедім. Еуропаның ғалымдары ғылымды дамытуға үлес қосу үшін ештеңесін аямайды, біздегідей демеуші күтіп, ақша болмаса қалай істеймін деп қол қусырып отыра бермейді. Ұзақ уақыт хат жазысқаннан соң 2018 жылы күзде жасы 60-тан асып кеткен Питер Мейер Алматыға ұшып келді. Негізі ол дүниежүзі жоқ дегенді мен бар деп отырған соң менің пікірімді терістеу үшін ұшып келді. «Көшпелілерде неғылған күнтізбе» деген астамшылықпен мені ақымақ қылып мақала да жазғысы келген де шығар. Сөйтіп үш ай Алматыда болды. Сонда мен әкімшіліктерге, Мәдениет министрлігіне хат жазып, «Біздің ғылымдымызды зерттеуге келген мына кісіге кішкене құрмет көрсетіп, жағдай жасайық» деп өтініш айтып, хат жолдадым. Олар «бізде қаражат жоқ» деп жауап қайтарды (ресми жауап хаттары менде сақтаулы). Сосын не істейін, «жазған құлда шаршау жоқ» деп жеке басымның емес, халқымның мұрасы болғасын, соны зерттеймін деп ел асып келген қонақтың жүріп-тұруына қажет қаражатты өзім таптым бірдеңе қып. Үш ай бойғы зерттеу жұмысынан кейін Питер Мейер ақырында өзі таңғалды. «Сенің

қыттан бері күн тәртібінде. Сайлыбай Бекболатов жасаған «Мәңгілік қазақ календары» деген де бар...

– Әрине, күнтізбе жасап енгізу, оның барлық жағынан мүлтіксіз болуы оңай емес. Григориан күнтізбесінің де көзге ұрып тұрған кемшілігі көп. Әр айдағы күн сандарының әртүрлі болуы (28, 29, 30, 31), әр тоқсандағы күн сандарының бірдей болмауы (90, 91, 92 күн), жартыжылдықтағы теңсіздіктер (181, 182, 184 күн), айдағы күндер санының аптаның күндерімен сәйкес келмеуі, әр жаңа жылдың аптаның әртүрлі күнін басталуы, астрономиялық жылдан кешігуі т.б. олқылықтарын бүкіл әлем айтады.

Egemen Qazaqstan газетінде журналист Бекен Қайратұлына берген сұхбатында Сайлыбай ағамыз: «Жаңа күнтізбенің ерекшелігі – жылды 13 айға бөлдім. Бір айда – 28 күн. Жылдық тәулік есебі: 13 × 28 = 364 күн» деп жазыпты. Сайлыбай ағамыз жылды 364 күннен түзе берсек болды, сол күнтізбе болады деп ойлайды. Бірақ кез келген күнтізбе «интеркаляция заңдарына» бағынады. Ал «Мәңгілік қазақ календарынан» ешқандай интеркаляциялық заңдылықты көріп отырмам жоқ. Сол себепті бұл күнтізбені есі дұрыс бірде-бір ел қабылдамайды. Тіпті мың патенті болса да, Сайлыбай ағамызды бұрын ойлап табылған нәрсені өзім ойлап таптым деп иелене алмайды, керісінше, «плагиат жасады» деп сотқа тартуы да мүмкін.

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде)

ОРМАНДАҒЫ ОЙРАН

(хикаят)



Бұл аймақтан ұзап шығып көрмеген Жоламанға көп оқиғаларға толы дүрбелеңді жұмбақ дүние қойнауын енді ашқандай. Өмір өзгеріске толы екен. Өздері тұратын қалашықтағы көршісі Жанаманмен бала күнінен бірге жүріп, бірге ойнап, есейе келе сырлас өскен-ді. Жолдасы Жанаман көп нәрсеге байыппен қарайтын, тау қозғалса да қозғала қоймайтын біртоға мінезді жігіт. Екеуі кешкі астан соң қыстың ұзақ таңында күнделікті шаруа жайын әңгімелей отырып жұмысқа кірісетін. Жанаман да ұзынсонар хикаяларды айта отырып бұған көмектесетін. Көрші өскен бала кездегі досына деген бауырмалдық құлқы өзгермеген. Жас кездерінде күз айларында Жоламандар жайлаудан артынып-тартынып көшіп келе жатқанын естігенде алдарынан жүгіре шығып, жаяулап келе жатқан Жоламанды бірге туған жандардай бар ықыласымен құшағын жая бауырына басып бір жасап қалатын. Есейіп отыздың ортасынан асса да көрші екі үйдің жалғыз дүниеге келген кезінен жалғасып келе жатқан бір-біріне деген адамдық ізгілік қалыптарынан әлі айныған жоқ. Бар болса бөлісіп ішіп-жеп келеді. Балашағаны жатқызып, төртеуі дастархан үстінде сүт қосылған қызыл күрең шайды сораптап, еркін шүйірлесіп отырған қысқы түндердің бірінде Жанаман сөз бастады:

– Жоламан, достым. Менің ойлағаным сен қалай қарар деп айтып отырмын, – деп досының бетіне қарады. Тершіген маңдайын орамалымен сүртіп отырған Жоламан:

– Иә, – айта бер деген ықылас танытты.
– Мен жазды күні мына тірліксіз қалашықта қалып барқадар таба алмайтын сияқтымын. Өзің менің күн көрісімді білесің. Мен істейтін лайықты жұмыстың да ыңғайы келмейді. Әйтеуір әрненің басын бір шалып ілдірделіп тұрмыс кешіп жүрмін. Балалар да қол-аяғы ұзарып өсіп келеді, – деп бір қойды.

«Көріп жүрмін, ертең-ақ қатын әпер десе не дейсің?» деп Жоламан әріден бастаған досының сөзінің соңы неге апарарын білмесе де айта бер дегендей жыммып қойды. Жанаманның не айтпақ ойының мәнісіне жетпей сөз қыстырғаны.

– Жөке, сенімен ақылдасқан шаруа ғой. Маған мынадай ой келіп жүр. Сен іздесең, мен көктемге сала мал-жанымды айдап, балашағамен таудағы сенің үйіңнің жанына көшіп барсам қалай қарайсың, – деп не дер екен дегендей бұлардың бетіне қарады. Жүзінен ыңғайсыз нәрсе айттым-ау дегендей ұялыс білінді. Аңшы қолындағы шай құйылған құрсауы кесені қоя салды да, «шын айтасың ба, жоқ әлде әзілдеп отырсың ба?» дегендей досының бетіне аңтарыла қарады. Шайдың буына балбыраған қасындағы Қалиша мен қарсыдағы Күлімханның жүздері қаракөленке болса да жарқын көрінді.

– Бір бірімізге сүйеніп тіршілік етсек. – Жанаманның соңғы сөздері күмілжіп шықты. Міне енді, Жоламанның да көптен бері көңілін күпті етіп, көкейіндегі шешуін ұстатпай келе жатқан түйіткіліне жауап табылғандай болды.

– Ойпырмай, Жанаман, мені аяқ астынан қуанышқа кенелттің ғой. Асқар таудай пана болып, ығына ызғар түсірмей баққан әкешемнен қапыда айырылып қан жұтып жүргенде Қалиша екеуміздің түңіліп жүрген жанымызға тіршілік үмітінің сәулесін сепкен сендер едіңдер. Мен сендерге неге жоқ дей алам. Қайта қуанып саған ризашылығымды толық жеткізе алмай отырмын. Қасына барып қоныста болайын деп емес, бауыр болсам дегеніңе көңілім босады.

Айтарын ағыл-тегіл ақтарып бүкпесіз көңілмен төгіп тастап үнсіз қалды. Дос көңілді болып кеткен құрбы әйелдер бұл мәселені күні бұрын талқыдан өткізіп алғаны көрініп тұр. Тек қай күні осы келіскенімізді Жоламанға жеткіземіз деп жүрсе керек. Тәукеге барған Жанаман болды. Жанаман мына жақсы істі құптап отырғанынан түсіп көп уақыттан бері көңілдегі жайдың бүге-шігесіне дейін жайып салды. Қасыретті күн-тердегі қиналған сәттерін есіне түсірді. Ата-анасынан айырылған күннен бері өзін де осы тау арасындағы жалғыздық қинап жүргендігін, досына нешеме рет сырын айтпақ болып оқталғанымен жылы орнын тастап әрі-бері көшіп-қонуға көне қояр ма екен деп тартынып жүргенін жеткізді. Түннің бір уағына шейін ақылдасқан бұлар алдымен Жоламан қонысына барып орналасып алған соң, бала-шағасын алып, малын айдап Жанаман көшіп баратын болып келісті. Бұлардың қоныстарына апаратын жолды бұрын үш-төрт рет Жоламанның әкесімен және өзімен ілесіп барған Жанаман жақсы білетін. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» мына алмағайып уақытта елбесіп-селбесіп жан бақпаса ит пен құсқа жем болып кететінін сезгендіктен екі көрші әрі қан-жыны араласып кеткен достар осыған уағдаласты. Ұзақ жылдар аралас-құралас отырып шай деспей өмір сүріп келе жатқандықтан, уәделеріне сеніскендіктен осындай бір тоқтам келіп сөз байлады.

Өздеріне қарағанда балалары сағына күтетін көктем шыға, көкек ұшып келісімен таудағы үйреншікті қонысын бетке алды. Қыстан жілік майы орталанып шыққан атына оны-мұнысын теңдеп, үстіне Қалишамен кіші ұлын мінгізіп алдыға салды. Жүк артып әбден көндіктірген сиыры мен өзіне жаз бойы

таудағы үй тірлігіне керектінің бәрін артып, жаяу жүруге әбден төселген үлкен ұлы екеуі сондарынан ерді. Жыл сайынғы шүйгінді, соны шалғынды кешіп жайылатын өрістеріне баратынын сезген жануарлар жайлаудың жолына қақпайламай-ақ өздері түсті. Өткен көктемде досы Жанаманның үлкен қазақы қанығынан туған екі ұялас борсалаңын жолын беріп, ырымын жасап алып баққан еді. Белтыр жайлауға шығарда ат қоржында қыңсылап барған күшіктер биыл бір қар басқан соң екеуі қатар жүргенде анау дейтін итердің өзі қаймығатындай дәуір өсіп іріленіп еді. Жазықтан тау арасына енгенше жолшыбай шөптің арасынан пыр етіп ұшқан кез-келген құстың соңынан қуып арасалаңдап, шалғын арасындағы төбешіктің үстіне шығып алып шөңкілгенде суыра алапал әбден шаршаған иттері тілдері салақтап оларда еріп келеді. Алғашында ауызға тиетін нәрсе деп дәмектен иттер енді өз қарекеттерінен түк шықпаған соң бет албаты үруі мен жүгіруін қойды.

Арада бір қоналқа жасап, көліктерін тыңайтып, ауызғы жағы қысаң шатқалға енді. Қарасаң басындағы бөркін түсетін қалың қарағай басқан тік беткейдің астындағы күркіреп аққан өзеннің бойын қуалай біраз жүрген соң айқарадай ашылып жалпайып жатқан қарағайлы тау алқабына жетті. Күн көзі шайдай ашық күні, түс ауа қоныстарына да құлады. Жайлау иісі мұрындарына келгендей болып Жоламанның үй іші мен малы-жаны демін басып, ал ұяластары айналасын түгел шарлап, жүгірісіп жетісіп қалды. Қалиша қыс бойы жабық тұрған ағаш үйлерінің ішін тазалап буып-түйілген жүктерінің байлауын жазын ас қамдағанша барып бірден әкеле қояйын деп мылтығын алып орманға кіріп кетті. Ет пісірім уақыттан кейін оралды. Жақын арадан еліктің кішірек текесін атып алып, лезде жәукемдеп, етін боршалап тастады. Қызылсырап қалған балалары шешесінің еліктің етін жылы-жұмсағын қосып дәмдеп пісірген қуырдағына мелдектеп тойып алып қалың ұйқыға кетті. Кешелі-бері қалашықтан көшіп шыққалы еріп келе жатқан ауыздарына ештеңе ілінбеген қос итте еліктің етінің қалған-құтқанына ыңқия тойып, тілімен екі жағын алма-кезек жалап бұта түбінде жатыр. Екеулеп жүріп бар шаруасын жайғастырып болып, қас қарая әйелі дайындаған дастарханға отырды. Тау ішіндегі түнідің өзі әлі де ызғарлы. Тастастың, қарағай мен бұталардың түбінде жан-жануардың тісі тимей ұйыса өскен шөптесінің үстінде әлі де сірдей іресіп, жұқа болса да қысқы қар жатыр. Солардан салқынынан ескен ызғырық бойыңды тітіретеді. Күзде қалашыққа көшерде тері-терсектен босаған қоймаға кіргізіп кеткен құрғақ отынның біразына тамшы тиіп су болып қалыпты. Құрғағын бөлектеп, жуандау бұтақтарын бұтарлап босағаға кіргізіп берген. Қалиша бір екеуін ошаққа тастап қойған екен, шоғы үйдің ішін қыз-қыз қайнатып тұр. Қарағайдың құраған бұтағының қып-қызыл шоғында тызылдап тұрған қара шәугімнен құйылған шайды алдарына келтіріп баппен сораптауға кірісті. Ұйқыдағы балаларының мұрындарының пысылы мен шәйнектің тызылынан басқа тырсе еткен дыбыс жоқ. Тыстан шөпке ыңқия тойып ыңыранған өгіз бен шалғынның басын күрт-күрт еткізіп шалған аттың дыбысы ғана тыныштықты бұзып тұр. Күндізгі жүріс-тұрыстан шаршаған Жоламан екі-үш кесе шайдан кейін, тершіген маңдайының терін сүртіп отырып жайлап сөзге көшті.

– Қалиша, биылғы жаз сен екеумізге сын болайын деп тұр. Бұрнағы жылдары осында өзіміз ғана болушы едік, енді міне бұйырса қонысымызда адамдар көбейеді. Олай болса олардың да қамын ескеріп, күнделікті тұтынатын азығымызды да молырақ дайындауды ойластыруымыз керек, – деді де, сен не айтасың дегендей әйеліне қарады.

– Келсе келсін күтпін алармыз бөтен адамдар емес қой. Оларда саған сүйеніп келе жатыр ғой. Құдайын саған қуат берсін. Тонның ішкі бауындай сырлас жандармыз. Әрі біздің балаларға да жақсы болды. Жанаман хат танытын жігіт, оқуды үйретсе жақсы болар еді.

Қалиша баяу айтса да әйелінің үнінен балаларының келешегіне алаңдаушылық бар екені білінді. Үй іші қаракөленке болса да Қалишаның сөзінен болашақта ұлдарының

жақсы бір дүниеге қолдары жететіндей үмітпен айтқаны сезілді.

– Үйретеді, үйретеді, – деп әйелінің сөзін қостап қойды. Ол досының жақсы хат танытынын білетін. Қолы тие қалғанда қыстың күндерде қисса, дастандарды жиналғандарға оқып беріп отырғанында үстінен талай түскен. Жанаманды жақсы танытын үйінің төңірегіндегі қариялар және әңгіме құмар жастар кешқұрым жиналып, Жанаманның аядай бөлмесіне сығылыса отырып, ескі дәптерлерге жазылған қиссаларды оқытып өздері ұйып тындайтын. Жазу жағын көрмегенін айта алмады. Үйретеді дегені соны мензеп отырғаны.

– Қара сиыр қашан туатын еді, шайға қатық болар еді әрі айран ұйытып, құрт-майын балалар жесе де, – деп Қалиша сұраулы жүзбен күйеуіне қарады.

– Былтырғы жылы қысқа қарай қашты ғой деймін, әлі екі-үш айсыз бұзаудай қоймас, – деді Жоламан. Қалишаға қаратып айтқанымен сөзі сенімсіздеу шықты. Басқа шаруамен айналысып жүріп қара сиырдың бұқаға түскен-түспегенін дөп басып айта алмады. Күйеуінің үй тұрмысына келгендегі аңғалдығын білетін Қалиша мырса етіп күліп жіберіп:

– Қашқан сиыр бір туар, жайлаудан бұқа еретіндей қоңды түсті ғой, – деп сөзін жалғады. Жоламан да күліп қойды. Қалиша болса бүгін ерекше көңілді екендігін байқатты. Бағанағы жас текенің былбыраған қуырдағы, қызыл шайдың буы бойын балқытып жібергендей, тағы да бастырмағала сөйледі.

– Күлімхандар аман-есен көшіп келсе болды, солардың үш-төрт бас бұзаулы сиыры бар, соның сүтін көже-қатық жасармыз. Балалар да ақ ішіп жетісіп қалатын болды. Май да шайқармыз, жер от қой, шөп дегеніңіз еміп тұр. – Қалиша күйеуін ыңғайсыз күйге қалдырмайын деп мұнығы білместігін жуып шайып жіберді. Көңілді әңгімеге бой ұрған екеуі үркер ауа ұйқыға жатты.

Маусым кіре жаз күшіне еніп шындардағы қатпар-қатпар мұздақтар жіпсіп сылдырап су болып ағып жыра-жыраны, сай-саланы қуалай жолындағы талай үлкенді-кішілі бұлақтарды ертіп астырттағы өзгенге құлайтын. Тасымаған күннің өзінде де өзен суының күркіреген үні шалғайдан естілетін. Жер беті жасыл көрпе жамылып, дүние түрлі түсті бояуға қанықты.

Қар етегі түрліліп арадан асып көтерілген маусымның ортасына таман Жанаманның да көші жетті-ау. Қыстық мал азығының аздығынан қысылып шыққан малын ауыл маңындағы көктеуде біраз әлдендіріп, азын-аулақ қойын қоздатып бір-ақ қозғалыпты. Екі ара едәуір қашық болғандықтан да қозылағымен арық-тұрағына қарайлап, жол бойы оттатып, асықпай өргізіп әкеліпті. Ұзақ жылдан бері ағайын адамдардай сыйласып өскен азаматтардың әйелдері мен балалары шуылдаса табысып, қуаныштарын жасыра алмай жүр. Қашан келер деп астыртты қарайлап жүрген Жоламан аттан түсіп Жанаманмен төс түйістіре құшақтасып «Көш көлікті болсын» деді. Аман-саулық сұрасып үйге жақындағанда әйелі Қалиша қайдан алып, қашан тапқаны белгісіз сақтап жүрген майлы құртынан бұрынғы бөйбешелердей алдарынан шығып, «Қоныс құтты болсын, босағаларың майлы болсын-ды» айтып уыстап шашу шашты. Шашу терген екі үйдің бала-шағасы да мәз. Бұлар ғана емес кешегі ұялас өскен иттері де жолыққандарына қуана үрісіп, қыңсыласа ауыз жаласып жатыр.

Жайлаудың көркі киіз үй деп аса қастерлеп, қасиет тұтатын қазақтар емес пе, екі үйдің жандары Жанаманның өгізге артып әкелген төрт қанатты киіз үйін жабыла жүріп шаңырағын көтеріп, керегесін керіп туырлығымен үзігін көтеріп күн ұясына отырғанша тігіп тастады. Жанаманның жайлауға көшіп келіп үй тігіп қонғаны бұлар үшін сол күні үлкен мейрамдай болды. Алғаш келіп қонған үйдің салтымен енді көшіп келіп жатқан көршіге ерулік беру салтын ұстанып, Қалиша да үйдегі еттің барын салып қазан көтеріп ықыласын төге жүріп қонақтарын күтті. Жаңалық біткенді айтқысып, әңгіме-дүкен құрып, май шамның пілтесі жанып біткенше көз ілмеді.

Жоламанның отбасы үшін сол күн жаңа бір өмір өз есігін ашқандай әсер етіп тұрмыстарына өзгеріс ене бастады. Бұлар көшіп келе салысымен тайлы-таяғы қалмай жабылып жүріп қолға алғандары қолдағы малдарының

тұрағын бекіту болды. Аң атаулының ішіндегі ең жыртқышы аю. Темір мен мылтық иісінен сескенетіндіктен Жоламан анда-санда құры дәрімен оқталған мылтығын гүрсілдетіп атып шошытып қоятын. Орманның ішін аралап, қураған жіңішке балашық қарағайларды, сырғауылдарды жығып, өгізбен тасып жинап алып, өздері отырған тепсеңді айналдыра қада орнатып шықты. Жіңішке шанжаларды сол қадаларға үш қатар етіп байлап тастады. Жоламанның жарамсыз деп күркенің үстіне шығарып қойған қатқан терілерінен тілінген жалпақ таспапар қатқан орнына жарады. Үй жағынан адам өтетін, ал сырт жағынан мал кіргізетін қашаны ғана қалдырып, қалған жерін айналдыра қоршап тастады. Ұсақ малдары – қой-ешкі шығып кетеді-ау деген жерлерінің бәрін айналада жатқан қарағайдың, мойылдың, шетеннің бұтақтарымен торлады. Жауынды-шашынды күндері тұйықсыздан келіп ұратын ит-құстан қамзау болатын тосқауыл жасап көңілдері бір көншіді. Түнімен дыбыс алып қораны айналып үріп шығатын Жанаманның төбеттері мен дүрегейленіп жетіліп келе жатқан иттері де мал күзетуде сенімдерінен шығатындай.

Жоламан аң аулауға ел тұрмай алақөлекке шығып кетіп жұрттың бәрі қалың ұйқыда жатқанда оралатын. Дамылсыз тау-тасты кезіп, атқан аңның етін боршалап тұздап оны қалың қарағай арасына іліп қойып түтін салып сорғытыңқырап алып түсетіндіктен екі үйді етсіз қылмады. Қасына сенімді адам көшіп келгені бұл да үй ішіне алаңдаудан, қаумалаған қорқыныштан азда болса сейіліп, аңшылық қасібімен алаңсыз айналыса бастады. Жоламан аңға шығарда ылғиыда бұлардың киіз үйіне бас сұғып Жанаманға бүгін қай жаққа баратынын, қайтар мезгілін ескертіп жүретін.

– Жанаман, Күлімхан қалайсыңдар?! Жағдайларын дұрыс па? Балаларымын қарны тоқ шығар, – деді бірде ертеңгі ас үстінде өзіміне сөйлей кірген ол.

– Кел, кел, төрге шық Жөке. «Таңғы асты тастама, кешкі асқа қарама» деуші еді ғой аталарымыз. Құрдасымың көңіліңде не барын кім білсін. Тастап кетіп шай беретін адам болмай қалмасын, – деп әзілдей күліп, өзі шетке сырғып, төрден орын ұсынды.

– Е... иә, астан үлкен емеспіз. Дәм ауыз тиетін, әйтпесе сенің келіншегің де шайымды жайсыз көріп, қарамай кетті деп томсырайып қалар. – Жылы шырайлы, жүзіне күлкі үйірілген Күлімхан да бұған жолданған қаймақ қатқан қызыл күрән шай құйылған кесені күйеуінің қолына ұстатып жатып:

– Ойбай-ау, біздің осы екі үйдің бар сеніп отырған бас көтеріп азаматтары өздерің емессіңдер ме? Екеуіңнің қамдарыңды біз ойламасак, қарындарыңды тоқтамасак несіне әйел болып жаулық тартып жүрміз? Жатын орынымыз бөлек болғанмен қазан-ошақты бөліп қайтеміз, іргелеспіз, Қалишаға көп салмақ салмай ертеңді-кеш осы үйден іше салыңдар, – деп жымия сөйледі. Осы ашық пейілімен Қалишаның аяғы ауыр екенін де білдіре кетті.

– Ниетіңе рахмет, Күлімхан. Амандық болсын дегін. Мына қыстың қамын Жанаман досым екеуіміз қазірден ойламасак бізге кім қарайласар дейсің. «Қыс киерін жаз киіп, жарлы қайдан байысын» депті бұрынғылар. Жаздың осындай ашық күндерін пайдаланып қалмасак ауа райы бұзылса жаңбырдың арты қарға айналатын таулы жердеміз, ертерек қамданбасак болмас. Жанаман сен терілермен айналыса берерсің, мен біраз аң атайын, етін Күлімхан мен Қалиша кептіріп, сүрлеп дайындап алар, – деп шайынан бір ұрттап, тағы да бір нәрсені айтпаққа оқталды. Жанға жайлы, ауасы жұпарлы жайлау кезі де бітіп, алда қарлы құйынды бораны бұрқыраған, сары аязы мал-жанды сақылдатар қыс күтерін Жанаманда сезіп отыр.

– Рас айтасың, күн батпаймын десе де кеш қоймайды демекші, қыс та иек астында тұр, ертең-ақ ақ тонын сүйретіп жетіп келеді. Екеуіміз сен айтқандай екі жақтап қолға алсақ талай шаруаны еңсеріп кетерміз, жалғыз емессің ғой, – деп демеу бере сөйледі.

– Иә, Жанаман, сен барда менің де көңілім тоқ. Ендігі көкірегіме шер болып қатып ойымнан кетпей жүрген дерт қанішерлердің әке-шешеме жасаған қастандығы, қінәсыз қанға бояп, мезгілінен бұрын ажалға бергендері. Менің ата-анамның басында берген аңтым бар, әйтеуір бір күні олардан кегімді аламын. Саған түнеу күні айтып едім, сақ болайық, қаскүнемдер абайсызда қорғансыз бала-шағаға тиісіп жүрмесін, оқтаулы мылтығыңды әрдайым жаныңда ұстағайсың, – дегенді және қосып қойды.

– Менің де ойлап жүргенім сол балалардың амандығы. Сен алаңдамай шаруаны жүргізе бер. Бұл жердегілерге бас көз болатын бармыз ғой. Сақтықта қорлық жоқ. Өткенде мал айдап келе жатқанымда жол бойын барлап келдім. Осында бастап әкелетін жалғыз соқпақ сай ішімен көтеріледі екен, қарсы бетке малды тастап сол жолды назарда ұстармын. Әлдеқалай жағдай өзгере қалса мылтықты екі рет атып белгі берермін, – деп Жоламанның күдігін сейілткендей болды. Дегенмен де алатын жау орман ішінде тұрып бұлардың не қарекет жасап жатқанына қарамай тұйықсыздан тап беруі де мүмкін. Ондай кезде не қайран істейсің дегеннің өзінде де жанға себеп қой, кейбірі мылтық дауысын естісе баса көктеп кіруден сескенетін шығар. Дастархан үстінде

екеуі осыған уағдаласып содан соң әркім өз шаруасына тарқасты.

Сол күнгі әңгімеден кейін Жанаман екеуі көпке дейін жолығыса алмай жүрді. Аң аулаудан және әртүрлі шаруалардан көп қолы тимесе де түн ішінде келгенде тамағын әлсін-әлсін жылытып, мұның жолын тосып отырған әйелінен Жанаманның күндіз екі үйдің балаларын жинап алып бір уақыт кітап оқытып жатқанын естіп қуанып қалды. Досы әртүрлі халықтың өкілдері мекендейтін қалашықтың өзінде туып өскендіктен бұған қарағанда әжептәуір сауаты бар, қолына түскен кітаптарды жұртқа оқып беріп жүретін көзі ашық кеңпейіл азамат болатын. Көне жазумен терілген, қолдан-қолға өтіп мұқабасының тозығы жеткен кітаптың сыртын әйеліне шүберекпен тыстатып өзімен бірге ұстап жүретін. Жанаман жас кезінен-ақ жаза алмаса да жылдам оқитын, соның өзін бұларды таң қалдыратын үлкен ғұламалық сияқты еді. Бұрынғырақ бала кезінде әкесіне еріп қалашықтың ішінде аukatты тұратын жасы сексеннен үстіне шыққан әкесіне жанама туыс қарияның үйіне барып, қонақтардың арасында отырып ел «ғұлама» деп атаған атасының қалың кітапты алдындағы кішірек тұғырға ашып тастап дауыстап оқығанын естігені бар. Үстіне зермен тартып оқалаған кең мол шапанын жалбегей жамылып, төр үстінде малдас құрып орырғанына қызыққан. Кітап оқығанда да үні денесінің кесектігіне қарамай майда шығады. Мақамын келістіре әуезді ырғақпен бір кыссаны оқып келіп тоқтап түсіндіріп беріп қайта жалғастырып жұртты риза етіп тарқатқаны есінде. Үйдің шыққан соң біраз уақытқа дейін мен де осы қариядай кітап оқып елді тамасам деп армандап жүрді. Әкесіне кітап әперші деп қыңқылап жүріп екі кітап алдырғаны бар. Қысса дегесін жұрттан жасырып оқырм көркем болып ашты да жыпырлаған жазуларды көріп жаба салды. Арнайы оқытатын кісі болмаса өз бетінше ешнәрсе тындырмайтынын сезді. Хаг танытқандарға барып үйренгенге ақы төлеу керек. Қайдан, оған қысқа жіп күрмеуге келмейтін есені езген жоқшылық тұрмыстың тауқыметі жіберді ме? Енді міне сол армандаған оқуына досының арқасында балалары тегін жетіп отыр. Іштей Жанаман досына ризашылығын білдіріп, бұған да тәуба келтіріп қойды.

Аңшының аң түрлерін аулау кезегін ауыстырып отыратын әдеті бар болатын. Қатарынан он шақты күндей кездескеніне қарай еті мен терісі пайдалануға жарамды ірі бұғы, елік, тау ешкі сияқты аңдарды аулап, олардың етін, терісін жинап, бастырып, малмаға салып, одан кейін өңдеуге кірісетін. Тұзақпен алатын ұсақ аңдарға одан ұзағырақ уақыт жұмсайтын. Қақпан, қыл тұзақ, қайыс тұзақтарды аңның қымына оларды үркітпей құрып шығу жұмыстың ең қызығы әрі ең ауыры. Таң ата тұрып келіп кешегі құрған тұзағының төңірегін бір айналдып, түскенін алып, бүлінгенін ауыстырып, матасқанын ажыратып, жөндеп құрып кетудің өзі машақатты жұмыс болатын.

Сұлулығына көз тоймайтын табиғаттың ортасында өмір кешіп келе жатқан Жоламан айналасына сүйсіне қарап төңірегін биік шоқылардың қоршауында созылып жатқан майда шағылды тақыр қыратпен төмендеп келеді. Бұл араға бұрын-соңды аң аулап келмеген еді. Қоныстарынан қашықтау болғасын атқан аңының да әуресі көп болатын. Әкесінің айтуынша баяғыда осы арадан атқан еліктің етін екі күн отырып үйге діңкелеп әрең жеткізді деп көтерінін естігені бар. Өйткені, еңістеп келе жатқанда қайта өрлеуді есіне алудың өзі қиямет. Күнделікті жүрісінде қоныстарынан жоғары не көлденеңдей көтеріліп аң қуалайтын аңшы бұл жолы тәуекелге басып астыртқа түсіп келеді. Жанаман қасына көшіп келгені де міне екі жылға айналды, ұлдары да өсіп, барлық шаруаға жарап жүр. Қалишасы да аман-есен босанып, дүниеге топ-топмақ ат ұстар әкелгені үй ішінен балалардың былдыры мен күлкісі арылмайтын күндер жиіледі. Өзгелеріне қарағанда осы қарғасын ерекше жақсы көреді. Кейбірде жасап жатқан ісін бітіре қойып, қызын аялап қолына алып, мойнына мінгізіп бауырына тығып ойнатып әлекке түсіп отыратынды шығарды. Кіші ұлы да әкесіне ұқсап қарындасының төңірегінде шықпай айналақтап қылығына мәз болып қолынан жетектеп жүретін. Жеті-сегіз жылдан кейін шаңырақ ішіне шуақ ала келген сәби үйдегілердің мінезіне әсер етіп, бір-біріне деген мейірім туғызған секілді. Балалардың арасындағы жас алшақтығы өздерінен кейінгі кішкене бүлдіршінге ықыластарын төге қарайтын сүйіспеншілік тудырған секілді. Қалиша қызын босанғаннан кейін ерекше құлпырып кеткендей. Тілі былдырлап жанадан сөйлеуге дағдыланып келе жатқан қызын күйеуі мен ұлының таласа ойнатып отырғандарына сүйсіне қарап үй тірлігін істеп жүре беретін. Ауыр күндердің артқа қалғанына, тұрмыстарына тыныштық кіріп, жандарына жайлылық орнағанына шүкірлік ететін.

Тәтті бір ойдың құшағына беріліп келе жатқан Жоламанның көңілін төмендегі қаптадалағы ұйыса өскен қызыл тобығы мен ұшқаттың түбінен «бак» етіп шыққан текенің қою дауысы бұзды. Саусағын сілекейлеп желдің бағытын анықтады. Иен жатқан орманның арасындағы аң-құс қара көрсе де көп қаша бермейтін. Шанда бір болмаса бұл аймақта Жоламаннан басқа мылтық атар адам

жоқ. Өзі қырлап төмендеп келе жатқан биіктен ойпаттағы шоқталып өскен қарағайдың ортасындағы бұға басқан алаңқай алақанға салғандай көзге анық түседі. Шамасы осы тұста шығарсың деп топшылады. Тіктеп жасыл шалғынды сыдыртып ашықтың сол қапталынан теке жайылған алаңның өкпе тұсынан шықпаққа бел байлады. Қоянжон болып біткен қырдың үстіндегі қалың қарағай сұйылып барып жазыққа ұласыпты. Арғы жағы көлбеу тартып жасыл шалғынды қырақаға, сай-қыратқа жалғасып жатыр. Діттеген тұстан басбағып жаңылмай шыққан Жоламан мылтығын кесе көлденең ұстап бұғаға салбыраған үлкен қарағайдың тасасынан ашыққа көз тастады. Үп еткен самал соқпайды. Сайраған құс пен сауысқанның шықалығынан өзге дыбыс шықпайды, төңірек тым-тырыс. Бұталардың арасынан әзірше ештеңе көріне қоймады. Тосуға төзімі жететін аңшы дыбыс аңдып отыр. Таңғы салқынмен жайылымға шығатын аңдар күн шықпай қалыңға сүңгіп жауларынан тасаланады. Жаздағы бұлардың жан шыдатпас жаулары сона мен шыбын-шіркей аузы-мұрнына, шырыштанған құлақ қуысына жабылып, шабына кіріп, қанын сорып мазасын әбден алады. Тымырсық түнекте кара шыбын жан таптырмағасын бір тұрып, бір сілкініп бір жатып, шыдамағандары шыжбындап ашыққа желіп шығып самалға ұрынып қайта кіреді. Сонда ғой байғұстардың көнігі аңшылардың көзіне түсіп мылтықтың қарауылына ілінетіні. Күткеніне сүт пісірім уақыт өткен соң оң жағындағы бұтаның басы қозғалғандай болды да, ағаштың түбінен шалғыннан сәл биіктеу көрініп қызарып текенің өзі шықты. Төрт-бес жасқа толған жасамалы екені мүйізінен байқалады. «Қанды басын бері тарт» деп аңшы мойын түпті көздеп шүріппені басты. Текенің дыбысы шықпай құлады. Тайыншадай болып жатқан нән текені бауыздап, қарағайдың төмендегі сыңған иір бұтағына қанын сорғыту үшін тілерсегін тесіп төмен қаратып іліп қойды. Аздан кейін бұрынғы әдісіне салып жөндеп алды да ныққа салып келген ізімен өрледі. Жүгінің бұрынғыға қарағанда анағұрлым салмақты екенін арқасына тастағанда-ақ сезінді.

«Ал, Жоламан әуселенді енді көрейін, ауылыңа арқалап жеткізіп көрші» деп өзіне өзі іштей қайрап күліп қойды. Айналасы түгел көрінетін қыр үстіндегі дөңкіген тасқа шығып, жүрек жалғап алмақ еді.

«Алар олжамды молынан алдым бұйырса, осы жүріспен таң ата қонысымыз табармыз» деп ойлады иығынан зілдей қабын түсіріп жатып. Оқшантайын ағытып бөлек қойып, сыртқы былғары күртшесін шешіп тастады. Демін басуға отырғаны сол еді алыстан мылтық үні талып естілді. Тау арасынан шыққан дыбыс емес, құлаққа әлсіз шалынды. Қалашықта тұратын аздаған өзіндей аңшылардың қолында болмаса мылтығы барлар шанда ғана кездеседі. Жан таппай жоғалған қызы мен жылқышы жігітті іздетіп жүрген Төсекбайдың жандайшаптарының бір-екеуінде болмаса қалғандарының тақымына сойыл сүйретіп, беліне шоқпар байлаанып жүргенін көрген. Жазыққа көз тастап еді көз ұшында бұлдыраған бір-екі қарайғанды байқады. Ойына әкесінің жан тапсырар шағындағы ұзақ жылдан бері миына әбден сіңіп қалған «Ала атты, мылтығы бар» деп ескерткен сөздері келді. Мылтық дауысы тағы шықты. Тынысы тарылып, дем алысы жиіледі. Аттылармен екі ара тым қашық болғандықтан әлі де қанша атты кісі жүйткітіп келе жатқаны ажыратпады. Мұның қонысына апаратын шатқалға кіретін жол мүлдем шалғайда. Оған да шүкір, «Бірақ бұлар кімдер? Кімді кім атып келе жатыр? Неге айдалада шауып келе жатып мылтық атады?». Өзірше жұмбақ. Өзірде өзі аң атқан қырдың аяғы дөңгелене жұмырланып бұл отырған жердің оң жағына шеңберлене айналады. Жаңағылар таудың етегіне жақындаған сайын анық көріне бастады. Екі салт атты алдарына салып жалғыз аттыны қуып келеді. Қуғыншылар мен алдыңғы қашып келе жатқан адамның арасы оқ жетер жер емес. Сонда да тиер деген үмітпен атқылап келеді. Қашқан адам тау етегіне ілінер-ілінбестен қарағайға кірместен ат басын солға тартып бұра шапты. Жоламан да көп адам бір жалғызды бекер қумайтынын біліп көмек бермек болып тіке төмен тал тоғайды қақ жарып аяғы аннан бір, мұннан бір тиіп жүгіре басты. Алдынан кездескен қойтасқа шыға қалып бір қарағанында жазыққа бұрылған жалғыз аттының алдынан кесе көлденеңдеп тағы екі салт атты шықты. Жалғыз қара еріксіз кері бұрылып Жоламан жасырынып тұрған беткейдің астындағы сайдың ішіне тіке тартты. Жоламан қуғыншылардың қамалдай қуғанына қарап бұлардың қашқан жалғыз салт аттыны қамалап ұстап алмақшы екенін ұқты. Жер танабын қуыра шапқан жалғыз салт аттыны астырттағы ойлы-қырлы, ойырым-ойырым жарлауытқа қарай айдауларында бір гәп бардай. Біраз жер жүрген соң қалың ағаштан ешнәрсе көрмесе де Жоламан екпінді тоқтатпай төмендей берді. Енді аз болғанда мұны ажал күтіп алар еді. Ең соңғы бұтадан шыға бере кілт кері бұрылды. Бұл жасырылған бұтадан таяқ тастам жерде топтанған қуғыншылар аттан түсіп шоғырланып тұр екен. Паналаған бұтаның арасынан сығалап төрт атты көрді. Алдыңғы салт атты көрінбегесін қашып құтылып кеткен шығар деп ойлады. Аттардың біріне көзі түсті де селк ете қалды. Жан берер алдындағы әкесінің ақтық сөзі

есіне келді. Сол ала ат. Барқылдап сөйлеп тұрған божбандай дәу қараның мылтығы ердің қасына ілулі тұр. Бұлар көп, бұл жалғыз, бірақ мұндай мүмкіндікті жіберіп алса аруақтар кешпейді. Көз алдына әкесі мен шешесінің өлім алдындағы қиналысы, оларды азаптап жатып бұлардың масайрауы қанын басына шығарды. Аттарынан түсіп әлденені қолымен нұсқап қарқылдай сөйлеп, тарқылдай күлген ата жауы дәу қараны жасырынған жерінен екі аттап шығып қал маңдайдан көздемей-ақ тартып жіберді. Кектенген жүрек жауына қарай оқ жолдауға қолға ерік берді. Соңғы мезетте ойы өзгеріп айқара асқан мылтығын мойнынан шығарып жатқан тыртық шекеге бұрған-ды. Жоқ ажал әуелі бас қарақшының жанын ұшырды. Жақыннан тиген дара оқ құлапара киген дәу шойқараның басының қақпағын ұшырып, миын шашып жіберді. Тізесі бүгіле бере сылқ етіп жантая құлаған қарақшының қаны атқақтаған денесі алдыға қарай құлай бере жоқ болып кетті. Қалғандары беттері мен үсті бастарына шашыраған қыпқызыл қан мен мидан не болғанын түсінбей айғайлап шегіншектеп, естері кетіп, тал арасынан мылтық кезеніп жақындаған мұны көріп қалшып тұрып қалды. Тұйықсыздан шыққан мылтық дауысынан шошынған аттар үркіп алыстанқырап кетті. Ала аттың ерінің қасына ілінген мылтықтан бұлар мақұрым қалды. Аңшы мылтығын серт ұстап қарақшықшыларды өмірден күдер үздірді. Жалғыз оқпен жауын жайратқан Жоламан мылтығын опырып жіберіп жүрегі су ете түсті. Тәуекелге басып сездірмеді. Қолындағы мылтығын қайта оқтағанын ендігі өлім кезегі сенік дегендей танымал жауы тыртық шекеге кезенді.

– Таста мылтығыңды, беліндегі оқшантайыңды! Бол тез! Әйтпесе өлесің!, – деп ақырып жіберді. Басшысының басын бір оқпен жұлып түсірген мергеннен қаймығып сасып қалған қарақшы қолындағы мылтығын бұған қарай лақтырып жіберді. Белдігімен шешіп оқшантайын керек-жарағымен қоса ағытып тағы лақтырды. Қол-аяғы дірілдеп зәресі кетіп тұрған арғы екеуінің белдерінде кіселеріне ілінген селебелері ғана көрінді.

– Белдеріндегіні де шешіп лақтыр былай, әйтпесе... – тауды жаңғыртқан қаһарлы дауыстан қатты шошынғандар атып жібереді екен деп бастарын қорғалап тізерлеп отыра қалды. Қаны басына шауып сұрланып алған Жоламан сактана басып келіп тыртық беттің жерде жатқан мылтығымен оқшантайын алып шегініп кетті. Опырып көріп еді оқталмаған екен. Лып еткізіп оқшантайдан оқтың бірін суырып алып, бір қарап оқланға жүгірте салды. Оны қолтығына қысып тұрып екінші опырып өз мылтығын оқтап алды. Көзі бір орында тұрмай, өңі зәр шашып тесірейген тыртық шекеге:

– Әп бәлем, иттің баласы қанжығада көрістік пе?! Әке-шешемнің қанын мойындарына жүктеп, ұялмай жер басып жүрсіңдер ме? Сендердің зауалдарың – мен. Аруақ алдында аңтым бар. Кегімді алмай тыныш жатпаймын, – дегенді қарақшы соңына дейін айтқызады. Жоламанның қимылын қаз қақпай бағып тұрған тыртық шекеңіз көзі сығырайып шыға келді. Аңшының бағанадан бері өздерін оқсыз құры мылтықпен бопсалап, қару-жарақтарын түгел сыпырып алғанын енді білген тыртық шеке не болса да жастығымды ала өлейін дегендей ышқына «А...а» деп айғайға басып бұған тұра жүгірді. Жауының әрбір қимылынан қаршығадай қалт жібермей бағып кезеніп тұрған Жоламан оң қолындағы мылтықты иығына тірмей-ақ алдыға сілкі тастап борбай тұстан тартып жіберді. Ұмтыла келе бұған оншақты қадам жетпей оқ тиіп баж ете қалған қарақшы ішін басып отыра қалып шыңғырғанда дауысы шатқалды күңіретіп шыңға жетті. Жаралы неме жаны қиналып ауырсынып домалай бастады. Оқ жанды жеріне тиіп қызыл ала қанға батып жатқан қаныпезерге бұрылып та қарамады. Зәресі кеткен екеуіне мылтықты кезеніп:

– Қане, шешіңдер белдіктеріңді! Таста бері қарай!, – деген өктем үнінде өзгеше бір қаталдық сезілді. Қайда лақтыратындарын мылтықпен нұсқап көрсетті. Ешнәрседен тайынбай мылтық кезеніп атуға дайын адамнан зәре-құты қашқандар бұйрықты әп-сәтте атқарды. Қыңға салынған селебе ілінген кіселерін шешіп, мұның алдына қарай лақтырды. Маған қарсы келер жау жоқ деп жүрген дәу қараны жүрегі батып жалғыз оқпен жайратып, миын шашып тастаған батырдан шын қорықты. Зәресінен алған бұдан жасқанып дымдары шықпады. Тыртық шекені дәлдегендей жанды жерінен атып салып құлындағы дауысын құраққа шығарған аңшының айтқандарын лезде орындады. Мылтық кезенген сұры сұсты жігіттің өздерін аямасын, қыйт етсе ажал оғына байлай салатынын біліп тырп ете алмады. Ана жылы «алты аласы, бес бересің бардай», өлгендерде өші бардай бұның әке-шешесін өлтіріп, жинаған мүлкінің түгін қоймай тонап кеткендері осы жігіттің отбасы екендігін енді түсінгендей болды. Ата-анасын қаталдықпен өлтірген аңшының қақпанына түскендерін, зауал шақтың жеткенін біліп зәресі қалмай дірілдеді. Жігіттің жүрегі орнына енді түсті. Асығыста оқшантайы қырат үстінде текені етін салған қапты арқасынан босатып, күртшесін шешкен орында ұмытылып қалыпты. Жаны қинала ойбайлап әрі-бері домалаған әлгіге көз

де салмады. Жүрегіне тас байланғандай, былқ етпеді. Аздан кейін әлсіздеу ынырысып барып біржолата үні өшті. Ал кейінгі екеуі отырған күйінен қозғалмады. Опырмалы мылтығы қайта оқтаулы дайын еді. Алғашқы атылған мылтық дауысынан үріккен аттар біраз ұзап барып жайбарақат көкке бас қойды. Осыдан-ақ аттардың мұндай тарсыл-гүрсілге еттері өліп кеткендігі білінді. Қарақшылардан қашқан жалғыз салт аттыны іздеді. Өлген басбұзардың денесі де көрінбейді. Жанталас үстінде ашу-ызаман әрекет етіп көзіне қан толып ештеңе байқамаған екен. Өлгенде ғана өмірі жүріп тұрған басшыларын жалғыз оқпен жайратқан мергеннің ешнәрседен тайынбайтын қаһарлы жүзінен сексеніп ордың шетінде қимылсыз екеу бұқшиеді. Еңкейіп отырғандардың алдынан ордың үңірейген аузы көрінді. Ордың үстіне шаңжа, сырғауылдарды көлденең тастап оны қарағайдың бұтақтарымен бүркеп жасырған екен, ол опырылып ішіне түсіпті. Шамасы ұстатпай қашып жүрген жалғыз жігітті қамалап қуалап әкеліп орға құлатып өлтіруді күні бұрын ойластырған секілді. Жақындап ордың ішіне мойнын созып қарағанда, әрең-әрең оқыранып дыбыс беріп басын көтере алмай жатқан жирен атты көрді. Ар жағында істікке шаншылып қимылсыз күйде жап жас өрімдей бозбала ынырсиды. Жирен құрылған торға екпінмен келіп құлағанда жігіт басынан аса ұшып барып ордың түбіне үшкірлеп тіктеп бекіткен қадаларға қадалыпты. Әп дегенде өзі атып түсірген қарақшылардың басшысы екі бүктетіліп барып өзі қазған орға басымен құлапты. Ит өліммен өлген қарақшының сүйегіне жірікпенінен бір қараған Жоламан «Біреуге ор қазба өзін құлайсың» деген аталарымыздың көрегендікпен айтқан қарғыс сөзінің тура осыларға оқ болып тигенін қарашы деп ойлады. Бейқұна адамдардай мүлүйіміс қарап отырған екеуіне «Түсіңдер орға!» деп айғай салды. Аңшының өздеріне әліде болса не істерін білмей есі кетіп дал болып отырғандар жалма-жан ордың жиегіне жылжып келіп шұңқырға сырғып түсті. Аяқтарының астындағы қарақшының қанға малынған өлі денесіне де қарамады. Бізді осы орда қалдыратын шығар деген болуы керек түбіне отыра кетті. Ор ішінде ынырысып жатқан жігіттің аянышты халы қоз алдына әкесінің өлер шағын әкелді. Бойын қайта ашу кернеп шұңқырдағығыларға кезеніп тұрған мылтығын сәл көтере беріп атып жіберді. Жардың орғы қабағын барып соққан мылтықтың ағы қиыршық құм-топырақты бүрк еткізді. Ордағылар шыбын жандары шырықырап көздерінен жас саулап жан сауға құрады.

– Шығарыңдар ана баланы, әйтпесе екеуіңді де жайратамын, – деп қансырап жатқан жігітті көрсетті. Екеулеп, қос қолдап жатып өздері үшкірлеп ұштаған қада сияқты істіктерге екпінмен шаншылып түскен шалажансар бозбаланы жоғары көтерді. Мылтығын шетке оңтайлап қойып қарақшылар қолдасып шығара бастаған жігіттің екі иығынан тартып жауырын тұсы мен жамбасынан алып көтеріп ордың жиегіне жатқызды. Ыңыранып ауырсынған жігіттің кірпігі әрең қимылдайды. Көтерген кезде үшкір қадалардан суырылған жерлерінен саулаған қан саусақтарының арасынан суша акты. Бүйрек тұсынан да қан кетіп жатыр. Үстіндегі киімінің өңірі таза көрінді. Не болса да қан астынан ағып жатыр. Өрімдей жігіттің бетіндегі жан қиналысына қарап аяныштан көзінен жасы ыршып кетті. Сүріне құлаған аттың үстінен ұшып келіп өткір қадаларға бар екпінмен шалқасынан қадалып түскен. Қаршылап кірген істіктен жаңағылар босатқанда үңірейген саусақ сиярлық жаралардың орнынан қан саулай жөнеліп еді. Қос тізерлей келіп тіл қата алмай жатқан жігіттің қан-сөл жоқ бетіне ұңады. Жалма-жан үстіндегі жейдесін шешіп, жырытып жіберіп жауырын тұсынан, белінен қысып таңып тастап еді шүберек лезде жылқылдаған қан болып шыға келді. Қанды тоқтата алмады. Істер лажы жоқ. Бозарып қан сөлі қалмаған балаң жігітке не көмек көрсетерін білмей шарасыз күйге түсті. Бір сәтте сұлқ жатқан жігіт көзін ашты. Әлсіреп кеткендігі болмаса ақыл-есі дұрыс. Жоламанды қалай ойласа да, жаны аштынан адамдардың бірі болар деп бар шамасын жиып айтып кетейін деген оймен сыбырлай сөйледі:

– Аға, Аюлы сайда Әлима бар. Сізге аманат. Жалғыз қалды, – деген сөздері әлсіз естілді. – Мен Қайырлымын. Мыналар Төсекбайдың жіберген адамдары. Мені тастамаңыз, көміп кетіңізші, – деді де, бар күшін жиып: – Аға байқаңыз, сізге қастық жасап жүрмесін, – деп барып тілден қалды. Үні сыбырлағандай шықты. Жатқызған жерін жылқылдаған қан басты. Қан көп кетіп қалған сияқты. Не деп жауап берерін білмесе де «Иә, иә» деп басын іздей берді.

– Сойлемей-ақ қой, әлсіреп қаласың. Әлі тұрып кетесің, – деді. Одан әрі бұтты-шатты бір нәрселерді айтқан болды. Әлима жұбайы болар деп шамалады.

Қимылсыз қалған жігіт көзін ашып аспанға қарап қымшатып, мынау жарық дүниені қимай қоштасқандай, «Ой, құдайым-ай!» деп денесі соңғы рет бір ширғынып барып босап кетті. Қансыз қалған жүрек соғуын тоқтатты.

(Жалғасы келесі нөмірде)

Молот СОЛТАНАЕВ

Ана тілсіз – басқанікі басың да,
Басқанікі бала-шағаң, досың да.
Өз тіліңнен айырылған сәттен-ақ,
Өзгенікі – өзен-көлің, тасың да...
Ислам-Ғали ҮРКІМБАЙҰЛЫ

ТІЛМЕН БІРГЕ ҚАНАТ ЖАЙҒАН КЕМЕҢГЕР

Қазіргі тәуелсіз жылдардың ең өзекті мәселесінің бірі – мемлекеттік тіліміздің мәртебесі. Өз басым, қазақ тілі біздің болашағымыз деп жиі айтамын. Сонау жылдардан қалған кириллицаны қайта латын қаріпіне көшіру жұмыстары да жүргізіліп жатыр. Әңгіме тілімізге қатысты болса өз жандарын құрбан етіп ұлтшыл атанған Алаш арыстарын айтпасақ болмайды. Қазіргі біздің қазақ тілінде еркін сайрап жүргеніміз де сол жандардың арқасы. Алайда, бүгін мен басқа кісіні әңгімеге арқау етпекпін. Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі, «Жаркент жауһарлары» аудандық халық шығармашылығы орталығының тәлімгері, ауданымыздың тіл дамытуына ерекше үлес қосқан тұлға, ақын – Ислам-Ғали Үркімбайұлы.

Ақынның өмір жолына көз салсақ 1953 жылы 15 наурызда дүниеге келген. 1975 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетінде көркем-сурет-графика факультетін аяқтаған. Иә, Ислам-Ғали Үркімбайұлы тек қолына қалам алған ақын ғана емес, сонымен қатар қылқаламды да шебер меңгерген суретші де болған. Бірнеше жыл Жаркент қаласындағы Б.Алтынсарин орта мектебінде бейнелеу өнері пәнінен сабақ беріп, ұстаздық қызметін атқарады.

1992 жылдың 15 наурызынан бастап Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының



Панфилов аудандық филиалының төрағасы болып сайланады. Кейіннен бұл ұйым 2007 жылдан бастап Панфилов аудандық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі болып қайта құрылды. Қос қаламды серік еткен ақын ағамыз осы уақыт аралығында көптеген белестерді бағындырып, жетістіктерге де жеткен. Атап айтқанда, Республикалық «Жігер» фестивалінің 1983 жылғы лауреаты, 1985 жылғы дипломанты, Дүниежүзі Қазақтарының І-ші, Халықаралық

«Қазақ тілі» қоғамының ІІ, ІІІ, ІV-ші және Қазақстан Жазушыларының ХІV-ші Құрылтайларының делегаты. Ол басқарған бірлестік 2005 жылы облыс көлемінде І-орын алып, «Үздік қоғамдық ұйым» ретінде танылып, облыстық Тіл басқармасының І дәрежелі Дипломымен марапатталды. Аудандық «Қазақ тілі» қоғамында ұзақ жылдар қызмет еткені үшін және поэзия саласындағы жетістіктері үшін «Қазақстан Конституциясына 10 жыл»

және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. Сонымен қатар бірнеше кітаптары да жарық көрген. Тіпті, қазақтың ардагер ақыны Бекен Әбдіразақов ақынның «Егіз қалам» атты кітабына байланысты 1993 жылы «Ауылда да ақын бар» атты мақаласын «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялады.

Мені ақынмен алғаш таныстырған «Алтын кездік» кітабы еді. Ішінен өзіме ұнаған өлең жолдарын түртіп алып, іштей қайталап жүретін едім. Кітабын оқығалы іштей тілейтінім – ақыннан тәлім алу болатын. Араға уақыт салып, шығармашыл жастардың басын қосқан «Жаркент жауһарлары» халық шығармашылығы орталығына келдім. Бұл кісімен ең алғаш көзбе-көз дәл сол кезде таныстым. Осы уақыт аралығында тек ауданның емес, менің де тілімнің дамуына көп көмектескен жан. Жиында үнемі тіл тазалығына қатты көңіл бөлуімді және тіліміздің біз үшін маңыздылығын айтып отыратын. Шығармашылық жолымызда жіберген қателерімізді түсіндіріп, әрдайым ұстаз ретінде қолдау көрсете білді. Ислам-Ғали ағамыз тілімізбен бірге өркендеп, қанатын кеңге жайған көктегі қыран іспетті.

Ұстазымызға алдағы уақытта деніне саулық, толағай табыстар мен үлкен жетістіктер, отбасына береке-бірлік тілейміз! Әлі де біздерді жақсы жаңалықтарымен қуантып, біз білмейтін өнердің сырларын мен құпияларын ашады деп сенеміз!

Әлібек МӘУЛЕТҰЛЫ,
«Жаркент жауһарлары» ХШО
ішкірті.

«КӨЗІҢДІ САҚТА, КӨКЕМ»



Көз – адам мүшелерінің ішіндегі ең қадірлісі, аяулысы. Өйткені адам баласы көз болмаса мынау ғажап әлемнің мың бояулы түсін, керемет сұлулығын көре алмас еді. Адам мүшелерінің ішінде қадірсіз жок, дегенмен де біздің барлық әрекетіміз көзбен көру арқылы орындалатындықтан өткір жанардың жеке өміріміздегі алар орны, атқарар функциясы орасан деуге толық негіз бар.

Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, қазіргі таңда жастар арасында кең етек алған аурулардың бірі – көз ауруы. Баяғыда «өзінді сақта, әкем» деп тілеулістігін білдіріп, бала-шағасының амандығын тілеп отыратын әжелеріміз бүгінде

телефонға телміріп, компьютерден бас алмайтын немере-шөберелеріне қарап «көзіңді сақта, көкем» дейтін жағдайға жетті. Дархан дала төсінде асыр салып ойнауы тиіс бүлдіршіндер бүгінде көздерін тырнап ашқаннан телефонға жармасып, түн баласы талып құлағанша қолындағы құрылғыдан айырылмайды. Мектеп жасындағы оқушылар да өзара топтасып түрлі интернет ойындарын телефон, ноутбук арқылы ойнап отырады. Бұл – бәріміздің үйімізде болып жатқан көрініс.

Бұрнағы кезде көзілдірікті жанары суалып, жасы келген қарияларымыз такса, қазір керек дерегін интернеттен іздейтін жаңа буын өкілдері арасында

көзілдіріктің көмегіне жүгінетін жастар көп. Көз аурулары мамандарының айтуынша елімізде 500 мыңнан астам бала осы көз ауруына шалдыққан екен. Көз жанарын қарып түсер құрылғылар күнделікті өмірімізге дендеп енгелі бұл аурудың көрсеткіші де күн санап артып, жасарып барады дейді дәрігерлер. Сондықтан қазірден бастап ұялы телефон, ноутбук, компьютер, теледидар секілді көзге зиян гаджеттерді уақытынан артық пайдаланудың салдары жаман болатынын жас ұрпақтың санасына құйып, ұдайы қадағалауда ұстамасақ көзілдірікке тәуелділер қатары арта бермек. Көзілдірік таққанның несі жаман дерсіз, оның да себебін айта кетейік.

Республикалық әскери-дәрігерлік комиссия мамандарының дерегінше, қазіргі таңда әскер қатарына шақырылатын жастардың 60-70 пайызының денсаулықтарында кінәрат бар екен. Болашақ сарбаз болып, еліміздің шекарасы мен тыныштығын күзетуі тиіс жастардың дені әлсіз, көбі көз аурулары мен жүрек қан-тамырлары ауруларына шалдыққан. Демек жастар денсаулығы дабыл қағарлық жағдайға жеткен. Өйткені жастардың денсаулығы – еліміздің тыныштығы, мемлекеттің болашағы, ұлттың саулығы. Ендеше күндіз-түні көзі құрғағанша ұялы телефонға телмірген балаңызға «қыңқылдамай тыныш отырса болды» деген көзқарастан арылып, дені сау, біліммен қаруланған, өмірге бейімделген, жақсы мен жаманды айыра алатын саналы ұрпақ қалыптастырайық, ағайын.

Даниял СЕРІК,
II сынып оқушысы.
Алматы облысы.



БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2022 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы өзіміз бен жазырыл жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысып келеміз.

Жазылу «Қазпошта» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. I жылға жазылу бағасы 3400 теңге. Индексі – 65161.

Біз сізден қолдау күтеміз, ойлы оқырман! Ұрпағымыз өзінің шынайы тарихын біліп, ұлықты болып өссін. «Жаркент айнасы» – Жаркенттік рухты жандардың газеті.

	<p>«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ Меншік иесі: «БАҚ» ЖК Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ Бас редактордың орынбасары – Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ</p>	<p>➢ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген. ➢ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді. ➢ Газет индексі - 65161 ➢ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді. ➢ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты. ➢ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым. ➢ Нөмірдің таралымы: 1000 дана</p>	<p>Мекен-жайымыз: Алматы облысы, Жаркент қаласы, Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер Тел.: 8/705/412-78-48; 8/705/277-16-91; 8/777/971-57-67 Газет екі аптада бір жарыққа шығады. Тапсырыс: №7652</p>
	<p>Газеттің эл.почтасы: jar-aina@mail.ru</p>		